



ISSN 2518-7236 (Print)
ISSN 2663-5100 (Online)

BULLETIN

OF THE KARAGANDA UNIVERSITY

HISTORY. PHILOSOPHY

Series

№ 3(103)/2021

ISSN 2518-7236 (Print)
ISSN 2663-5100 (Online)
Индексі 74621
Индекс 74621

**ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА

BULLETIN
OF THE KARAGANDA
UNIVERSITY

ТАРИХ. ФИЛОСОФИЯ сериясы

Серия ИСТОРИЯ. ФИЛОСОФИЯ

HISTORY. PHILOSOPHY Series

№ 3(103)/2021

Шілде–тамыз–қыркүйек
30 қыркүйек 2021 ж.

Июль–август–сентябрь
30 сентября 2021 г.

July–August–September
September, 30th, 2021

1996 жылдан бастап шығады
Издается с 1996 года
Founded in 1996

Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год
Published 4 times a year

Қарағанды, 2021
Караганда, 2021
Karaganda, 2021

Бас редакторы
тарих ғыл. д-ры
З.Г. Сактаганова

Жауапты хатшы
PhD
С.Б. Стамбулов

Редакция алқасы

Пол Верт,	PhD, Невада штаты университеті, Лас-Вегас (АҚШ);
Томассо Тревисани,	PhD, Неаполь ориенталистика университеті (Италия);
Хоуман Садри,	Ақпарат пен саясатты талдау орталығының директоры, Тайтусвилл, Флорида (АҚШ);
С.В. Любичанковский,	тарих ғыл. д-ры, Омбы мемлекеттік педагогикалық институты (Ресей);
Даниэль Анорве,	Саяси және мемлекеттік зерттеулер кафедрасының профессоры, Гуанахуато университеті (Мексика);
Д.А. Аманжолова,	тарих ғыл. д-ры, РҒА Ресей тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, Москва (Ресей);
Н.Н. Аблажей,	тарих ғыл. д-ры, Новосибирск мемлекеттік университеті (Ресей);
Ж.С. Сыздыкова,	тарих ғыл. д-ры, М.В. Ломоносов атындағы ММУ ААЕИ, Москва (Ресей);
Б.И. Карипбаев,	филол. ғыл. д-ры, акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан);
Э.Р. Усманова,	акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Сарыарқа археологиялық институтының ғылыми қызметкері (Қазақстан);
В.Г. Ломан,	тарих ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан);
В.В. Варфоломеев,	тарих ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан);
А.К. Камалов,	тарих ғыл. д-ры, «Тұран» университеті, Алматы (Қазақстан);
И.А. Кукушкин,	тарих ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан);
А.Р. Масалимова,	филол. ғыл. д-ры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы (Қазақстан);
А.К. Жолдубаева,	филол. ғыл. д-ры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы (Қазақстан);
В.И. Разумов,	филол. ғыл. д-ры, Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті (Ресей);
Г.Т. Телебаев,	филол. ғыл. д-ры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы (Қазақстан);
Д.К. Кусбеков,	филол. ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан);
Д.Г. Шорманбаева,	PhD, Қарағанды техникалық университеті (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 100024, Қазақстан, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28
Тел.: (7212) 77-04-38 (ішкі 1026); факс: (7212) 35-63-98.
E-mail: vestnikku@gmail.com. Сайт: history-philosophy-vestnik.ksu.kz

Редакторлары

Ж.Т. Нурмуханова, С.С. Балкеева, Д.В. Волкова

Компьютерде беттеген

І.Д. Бекбосын

Қарағанды университетінің хабаршысы. «Тарих. Философия» сериясы.

ISSN 2518-7236 (Print). ISSN 2663-5100 (Online).

Меншік иесі: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 30.09.2020 ж. № KZ70VPY00027384 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Басуға 29.09.2021 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/8. Қағазы офсеттік. Көлемі 25,62 б.т. Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 68.

«Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ-тың баспасының баспаханасында басылып шықты. 100024, Қазақстан, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28, тел.: 8(7212) 35-63-16. E-mail: izd_kargu@mail.ru

Главный редактор

д-р ист. наук

З.Г. Сактаганова

Ответственный секретарь

PhD

С.Б. Стамбулов

Редакционная коллегия

- Пол Верт,** PhD, Университет штата Невада, Лас-Вегас (США);
Томассо Тревисани, PhD, Неапольский университет ориенталистики (Италия);
Хоуман Садри, директор, Центр анализа информации и политики, Тайтусвилл, Флорида (США);
С.В. Любичанковский, д-р ист. наук, Омский государственный педагогический институт (Россия);
Даниэль Анорве, профессор кафедры политических и государственных исследований, Университет Гуанахуато (Мексика);
- Д.А. Аманжолова,** д-р ист. наук в.н.с., Институт российской истории РАН, Москва (Россия);
Н.Н. Аблажей, д-р ист. наук, Новосибирский государственный университет (Россия);
Ж.С. Сыздыкова, д-р ист. наук, ИСАА МГУ им. М.В. Ломоносова, Москва (Россия);
Б.И. Карипбаев, д-р филос. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);
Э.Р. Усманова, н. с., Сарыаркинский археологический институт; Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);
- В.Г. Ломан,** канд. ист. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);
В.В. Варфоломеев, канд. ист. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);
А.К. Камалов, д-р ист. наук, Университет «Туран», Алматы (Казахстан);
И.А. Кукушкин, канд. ист. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);
А.Р. Масалимова, д-р филос. наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы (Казахстан);
- А.К. Жолдубаева,** д-р филос. наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы (Казахстан);
- В.И. Разумов,** д-р филос. наук, Омский государственный университет им. Ф.М. Достоевского (Россия);
- Г.Т. Телебаев,** д-р филос. наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы (Казахстан);
- Д.К. Кусбеков,** канд. филос. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);
Д.Г. Шорманбаева, PhD, Карагандинский технический университет (Казахстан)

Адрес редакции: 100024, Казахстан, г. Караганда, ул. Университетская, 28

Тел.: (7212) 77-04-38 (внутр. 1026); факс: (7212) 35-63-98.

E-mail: vestnikku@gmail.com. Сайт: history-philosophy-vestnik.ksu.kz

Редакторы

Ж.Т. Нурмуханова, С.С. Балкеева, Д.В. Волкова

Компьютерная верстка

І.Д. Бекбосын

Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия».

ISSN 2518-7236 (Print). ISSN 2663-5100 (Online).

Собственник: НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова».

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на переучет № KZ70VPY00027384 от 30.09.2020 г.

Подписано в печать 29.09.2021 г. Формат 60×84 1/8. Бумага офсетная. Объем 25,62 п.л. Тираж 200 экз. Цена договорная. Заказ № 68.

Отпечатано в типографии издательства НАО «Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова». 100024, Казахстан, г. Караганда, ул. Университетская, 28, тел.: 8(7212) 35-63-16. E-mail: izd_kargu@mail.ru

© Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова, 2021

Main Editor

Doctor of Historical sciences

Z.G. Saktaganova

Responsible secretary

PhD

S.B. Stambulov

Editorial board

- Paul Werth.** PhD, University of Nevada, Las Vegas (USA);
Tommaso Trevisani, University of Naples «L'Orientale» (Italy);
Houman Sadri, IPAC Director Information and Policy Analysis Center, Titusville (USA);
S.V. Lubichankovsky, Doctor of history sciences, Omsk State Pedagogical University (Russia);
Daniel Añorve, Professor, Department of Political and Government Studies Universidad de Guanajuato, (Mexico);
D.A. Amangolova, Doctor of history sciences, Russian Academy of Sciences Moscow (Russia);
N.N. Ablazhey, Doctor of history sciences, Novosibirsk State University, (Russia);
Zh.S. Syzdykova, Doctor of history sciences, Institute of Asian and African Studies, Lomonosov Moscow State University, Moscow (Russia);
B.I. Karipbaev, Doctor of philosophical sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);
E.R. Usmanova, Researcher of Saryarkin Archaeological Institute, Buketov University (Kazakhstan);
V.G. Loman, Candidate of historical sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);
V.V. Varfolomeev, Candidate of historical sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);
A.K. Kamalov, Doctor of history sciences, Turan University, Almaty (Kazakhstan);
I.A. Kukushkin, Candidate of historical sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);
A.R. Masalimova, Doctor of philosophical sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty (Kazakhstan);
A.K. Zholdubayeva, Doctor of philosophical sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty (Kazakhstan);
V.I. Razumov, Doctor of philosophical sciences, Omsk State University named after F.M. Dostoevsky (Russia);
G.T. Telebaev, Doctor of philosophical sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty (Kazakhstan);
D.K. Kusbekov, Candidate of philosophical sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);
D.G. Shormanbaeva, PhD, speciality «Philosophy», Karaganda Technical University (Kazakhstan)

Postal address: 28, University Str., 100024, Karaganda, Kazakhstan

Tel.: (7212) 77-04-38 (add. 1026); fax: (7212) 35-63-98.

E-mail: vestnikku@gmail.com. Сайт: history-philosophy-vestnik.ksu.kz

Editors

Zh.T. Nurmukhanova, S.S. Balkeyeva, D.V. Volkova

Computer layout

I.D. Bekbossyn

Bulletin of the Karaganda University. «History. Philosophy» series.

ISSN 2518-7236 (Print). ISSN 2663-5100 (Online).

Proprietary: NLC «Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate No. KZ70VPY00027384 dated 30.09.2020.

Signed in print 29.09.2021. Format 60×84 1/8. Offset paper. Volume 25,62 p.sh. Circulation 200 copies. Price upon request. Order № 68.

Printed in the Publishing house of NLC «Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov». 28, University Str., Karaganda, 100024, Kazakhstan. Tel. (7212) 35-63-16. E-mail: izd_kargu@mail.ru

© Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov, 2021

МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

ТАРИХ ИСТОРИЯ HISTORY

<i>Алдажұманов Қ.С., Стамиалов Е.И.</i> Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау саясаты және шаруалар көтерілістері (1928–1932 жж.).....	7
<i>Есенгараев Е.Ж., Пупышева Т.Н.</i> Институты и общество	19
<i>Қалыш А.Б.</i> XIX–XX ғасырдың басындағы орыс және еуропа суретшілерінің картиналарындағы Қазақстан территориясы және қазақтар бейнесі	29
<i>Карсыбаева Ж.А.</i> Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жамбыл облысы	39
<i>Loman V.G.</i> On the uniqueness of the Dongal type sites.....	47
<i>Mazhitova Zh.S., Isakhan G.T., Bektursyn A.S.</i> Environmental Consequences of Virgin Land Development in Kazakhstan (based on Nur-Sultan City Archive)	55
<i>Хлебников И.Д., Мырзахметова А.Ж., Момошева Н.К.</i> Исследование этнокультурной толерантности как составляющей информационной культуры студенческой молодежи	65
<i>Нагиев Г.Г.</i> Античные и средневековые авторы об укреплениях городов Азербайджана.....	77
<i>Сагидуллаев Д.З.</i> Алтын Ордалық Жайық өңірінің климаты.....	86
<i>Садвокасова З.Т.</i> Материалы ЦГА РК как источник по изучению миссионерской деятельности православных проповедников (XIX – начало XX веков).....	97
<i>Султанмуратов Н.Н., Кукеева Ф.Т., Чукубаев Е.С., Смаилова А.Б.</i> Перспективы турецко-американских отношений при президентстве Байдена	109
<i>Тукратуллин Т.С., Alpysbes M.A.</i> The history of urbanization processes in the single-industry towns of Lisakovsk and Arkalyk of Kostanay region: similarities and differences, prospects for further development	116
<i>Уалиева Г.К., Алтысбес М.А., Қарсыбаева Ж.А.</i> Қазақ хандығы дәуіріндегі әйелдердің қоғамдық-саяси ролі (XV–XIX ғғ.).....	123

ФИЛОСОФИЯ PHILOSOPHY

<i>Дронзина Т.А., Юнисов Е.А., Рахимжанова С.К., Маликова А.М.</i> «Ар-ұят» ұғымының философиялық мәні.....	130
<i>Жақан М.Қ., Худойдодзода Ф.Б., Иманжүсіп Р.</i> Ибн Синаның логикалық ілімі және силлогизміндегі кейбір ерекшеліктер.....	137
<i>Turlayev V.A., Karipbayev B.I.</i> Problems of defining legal reality in philosophy and legal science ...	146
<i>Мустафина Т.В.</i> Қиянатсыздық әдіс-тәсілдерінің жүзеге асырылу механизмдері (философиялық бағамдау)	153
<i>Nurysheva G., Kaldayeva B.</i> The image of a women in the Kazakh worldview: philosophical and anthropological analysis	160
<i>Резвушкина Т.А., Карипбаев Б.И.</i> Репрезентация материнства в казахской культуре: традиционные практики социализации детей	167
<i>Сағиқызы А., Шүршітбай М., Жаңабаева Д.М.</i> Қазақ мәдениетіндегі ізгілік-этикалық тәрбие мәселесі.....	179
<i>Sarsenbekov N. Zh., Sagatova A.S.</i> The existential reflection in Kazakhstan society during the Great Patriotic War.....	188

<i>Shormanbayeva D.G., Ivleva Ye.N., Seydinova M.A.</i> Theories of information societies in the context of network identity	197
--	-----

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР — СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ — INFORMATION ABOUT AUTHORS	203
--	-----

Қ.С. Алдажұманов*, Е.И. Стамшалов

*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан
(E-mail: Kaidar.aldazhum@mail.ru, kun2013@mail.ru)*

Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау саясаты және шаруалар көтерілістері (1928–1932 жж.)

Мақалада 1929–1932 жылдардағы Қазақстандағы шаруалар көтерілістерінің себептерінің бірі саналатын мемлекеттік астық және ет дайындау науқандарының жүргізілу механизмдері мен салдары зерттелген. Астық және ет дайындау науқандарының экономикалық мәні, аграрлық саланың дамуына әсері және кеңес өкіметінің күштеу әдістері архив құжаттары негізінде талданған. Отырықшы, жартылай көшпелі округтер бойынша дайындау науқандарының шаруаларды меншіктен айырудағы тәсілдері шаруалар наразылығын туғызғаны, ет өнімдерін контрактациялаудың кері әсері жан-жақты қарастырылған. Қазақстандағы партия, кеңес, тергеу-сот органдарының шаруаларға қарсы репрессиясы нақты деректер негізінде баяндалған.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығын кеңестік модернизациялау, астық дайындау, ет дайындау, шаруаларға қарсы репрессия, шаруа көтерілістері, ет өнімдерін контрактациялау, шаруалар босқыншылығы, жедел үштіктер, тергеу-сот органдары, тұқым қорын жинау.

Kipicne

Қазақтан тарихының кеңестік кезеңі қазақ халқының бұдан арғы өміріне ерекше әсер еткен тарихи оқиғаларға толы. ХХ ғасырдың 20–30 жылдарында ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде модернизациялау саясатына қарсы Қазақстанның әр қиырында халық көтерілістері бас көтерді. Шаруаларды меншіктен айыру, ұжымдастыру, дайындау науқандарының қатаң күштеу тәсілдерімен жүзеге асырылуы халықтың наразылығын туғызды. Кеңес өкіметінің ауылда жүргізген шаруашылық-саяси науқандары мен оған қарсы шаруалар қарсыласуын бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Күштеп ұжымдастыру, астық, ет дайындау саясатындағы қысым апатты көлемдегі босқыншылықты туғызды. Қазақстан шаруаларының ел ішіндегі және шетелдерге босқындығы әлеуметтік қарсылықтың түрі болды. Ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде қайта құру халықтың қалыпты тұрмыс-тіршілігін басқа арнаға бұрып, ұлттық дамуда көзге зияны әлі сезіліп тұрған демографиялық апатқа әкелді. Астық және ет дайындау науқанының күштеу арқылы жүргізілуі Қазақстанды тұтас қамтыған шаруалар көтерілістері, одан кейінгі аштықтың негізгі себептерінің бірі болды. Қазірге дейін астық және ет дайындау науқанының Қазақстан өңірлеріндегі жүргізілу ерекшеліктері, жүргізілген шаруашылық-саяси науқандардың шаруалар бас көтеруіне әсер етуі жеке зерттеу объектісі болған емес. Ұсынылып отырған мақалада Қазақстандағы астық және ет дайындау саясатының экономикалық мәні, жүргізу механизмдері, кезеңдері тың архив деректері негізінде қарастырылған. Қазақстанның отырықшы өңірлері үшін күштеу тәсілдерімен жүргізілген астық дайындау науқаны жартылай көшпелі аудандардағы ет дайындау науқанына ұласып, шаруаларды

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: Kaidar.aldazhum@mail.ru (Қ.С. Алдажұманов)

тіршілік көзінен айырды. Мақалада проблемаға қатысты отандық және шетелдік тарихшылар зерттеулеріне талдау жасалынған.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында жан-жақты тексеру арқылы ғылыми объективті талдау басшылыққа алынды. Жетісу өңіріндегі халық көтерілістерінің туу себептері, көтерілісшілер іске асырған шаралар, салдары, жергілікті партия-кеңес орындары тарапынан бағалануы жан-жақты шынайы көрсетілді. Ғылыми зерттеу мақалада жинақтау, салыстырмалы талдау, қорыту әдістері қолданылды. Тарихи объективтілік қағидасы басшылыққа алына отырып, ауыл шаруашылығын жетілдірудің кеңестік саясатының табиғатын шынайы талдайтын озық жаңашыл тұжырымдар негізге алынды. Методологиялық плюрализм қағидасы есепке алынып, Жетісудағы кеңестік аграрлық модернизация сыртқы ықпалдың ерекше әсерінде жүргізілгендіктен, диффузиоистік методологияның элементтері пайдаланылды.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Кеңестік кезеңдегі тарихи зерттеулерде дайындау науқандарының мән-жайы жете қарастырылған емес. Көбіне ұжымдастыру бойынша дайындау науқандары біртұтас қамтылды. Шаруашылық-саяси науқандардың күштеу арқылы жүргізілу себептері, барысы мүлде назардан тыс қалды. Тарихшы А. Турсынбаевтың еңбегінде шаруалардың бас көтеруі мен босқыншылығының негізгі себебі ретінде «бай-кулактардың бүліншілігі» деп аталды [1; 143]. Осы тарихшының Жетісу өңіріндегі ұжымдастыруға арналған зерттеуінде «1928–1929 жылдардағы астық дайындау науқаны кезіндегі кулактармен күрес негізінен, орыс және украин селоларында» жүргізілгені үстірт қана айтылып өткен [2; 100]. Қазақстанның осы кезеңдегі аграрлық тарихын жазған Г. Дахшлейгер 1927–1928 жылдардан астық пен ет дайындау бойынша «қиындықтар байқалғанын», үкімет пен партия «төтенше шаралар жүзеге асыруға мәжбүр болғанын» тағы да жалпылама атап өткен [3; 460]. Кеңестік кезеңіндегі тарих ғылымында ерекшелік болған Ж. Жұмабековтің зерттеуінде ғана дайындау науқандары «асыра сілтеулер» арқылы бұрмаланғанын, «шаруаларға мемлекет дайындаған малдары үшін ақша төленбегені» көрсетілді [4; 199]. Мемлекеттік астық және ет дайындау науқандарының тонаушылық сипаты алғаш рет Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қаулысымен құрылған комиссияның қорытындысында ашық айтылды. Құжатта «астық дайындау науқанының жүргізу әдістері жағынан тікелей экспроприациялау әдісіне ұласқаны», «қолданылған шаралардың ашықтан-ашық заңсыз сипатын жасыру үшін өкімет орындары тауарларға бағаны қасақана арттырғаны, бұл тауарларды жасырғаны және рынокқа шығармағаны үшін» жазаға тартқаны, дайындау науқанының әкімшілік зобалаңы көрсетілді [5; 2]. Ауыл шаруашылық дайындау науқандарының «шаруаларға бағытталған репрессияның хабаршысы» болғаны М. Қозыбаев, Ж. Абылқожин, Қ. Алдажұмановтардың бірлескен еңбегінде де атап көрсетілді [6; 6]. Зерттеушілер Т. Омарбеков [7], Қ. Алдажұманов [8] еңбектерінде Қазақстандағы күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістерінің бұрк ете қалуына дайындау науқандарының рөлі әртүрлі деңгейде сараланады. Т. Омарбековтің зерттеуінде астық пен ет дайындау науқандарының дағдарысына арнайы тарау арналған [7; 82]. Қ. Алдажұмановтың зерттеуінде 1929 жылдың күзіндегі Сырдария округінің Бостандық ауданындағы, Қарақалпақстанның Тақтакөпір, Қоңырат аудандарындағы шаруалар көтерілісінің тұтануына астық дайындау бойынша көрсетілген қысым әсер еткені айтылған [8; 66]. 1930 жылдардағы шаруа көтерілістерін дайындау науқандарымен ұштастыра қарастыру шетелдік тарихшылар еңбектерінде байқалады. Италияндық тарихшы Андреа Грациози Қазақстандағы 1928 жылдан бастап астық дайындау жоспары өнімнің жалпы көлемінің 15 %-нан 1933 жылы 34,1 % дейін өсе түсіп, шаруалардың «үнсіз қарсылығын» туғызғаны көрсетілген [9; 56-57]. А. Грациози Қазақстан, Ресей архивтеріне қолы жетпей, өз зерттеулеріне жарияланған партиялық құжаттарды негіз етті. Ал қазіргі кезде кеңестік кезең проблемалары туралы зерттеу тақырыптарына байланысты Қазақстан архивтерінде жұмыс істеп, зерттеулерін жария еткен шетелдік тарихшылар буыны қалыптасты. Мұндай зерттеушілер қатарында қазақ шаруаларын күштеп отырықшыландыру (седентаризация) саясатын зерттеген француз тарихшысы Изабель Огайонды жатқызуға болады [10]. Астық дайындау жоспарының үздіксіз өсуіне назар аударған Изабель Огайон дайындау науқандары туралы жалпылама мәліметтермен шектелген. Астық және ет дайындау шаруалар наразылығын туғызғанын көрсеткенімен, нақты деректер келтірмеген [10; 128]. Неміс тарихшысы Роберт Киндлердің зерттеуінде дайындау науқандары барысындағы асыра сілтеу мен белсенділердің

киянатының мысалдары келтірілген. Тарихшы шаруалардың бас көтерулері жағдайында дайындау науқандары бәсеңдеудің орнына күшейіп, 1932 жылдың қарашасында Сталиннің науқанды «жазалау рельсіне» шығаруды тапсырғаны айтылады [11; 143]. Қазақ тілінде аударылып басылған американдық тарихшы Сара Камеронның зерттеуінде Қазақ Өлкелік комитеті жетекшілерінің өтініштерін ескерместен, дайындау науқандарының жоспар мөлшері өскені, 1931 жылдың соңғы үш айында мал басының 1929 жылғы деңгейден 30%-ға азайғанына қарамастан Москва мен Ленинградты 59500 тонна етпен қамтамасыз етуге міндеттенгені туралы деректері берілген [12; 134]. С. Камеронның зерттеуінде дайындау науқандарының шаруалар наразылығының алғышарты ретіндегі рөлі талданбаған. Италия тарихшысы Никколо Пианчола мен қазақстандық тарихшы Әділхан Жарасовтың бірлескен мақаласы Қазақстандағы аштық қарсаңындағы халық көтерілістеріне арналды. Шаруа көтерілістерін «мемлекеттік экспроприация» мен келе жатқан аштыққа қарсы тұрған тұтас қауымдардың қарсылығы ретінде сипаттаған бұл авторлар дайындау науқандарына тоқталып жатпаған [13]. 1928 жылдың көктеміндегі астық дайындау науқаны себебінен аштыққа ұшыраған шаруалардың Талдықорған уезі Аралтөбе селосындағы көтерілісінің барысы Е. Стамшаловтың зерттеуіне арқау болды [14].

Дайындау науқаны туралы архив құжаттары күштеп ұжымдастыру, аштық мәселелерімен үндес деректер жинақтарында берілген [15]. Ресейде жарық көрген жинақтар бұрын құпия саналған құжаттарды ғылыми айналымға шығаруымен құнды [16]. Дайындау науқандарындағы өкіметтің күштеу шаралары жөніндегі құжаттар енгізілген «Қазақ ауылының трагедиясы» екі томдық жинағын арнайы атап өткен орынды [17; 29]. Соңғы кезде жарық көрген көлемді деректер жинағы ретінде «Ашаршылық. Голод. 1928–1934» деп аталған 3 томдық құжаттар жинағын атауға болады [18]. Тарихшы Б. Әбдіғали жауапты редактор болған жинаққа Қазақстанда және Ресейде бұған дейін жарық көрген, жоғарыда көрсетілген жинақтардағы құжаттармен қатар жаңа құжаттар да енгізілген. Жинақтың ғылыми жағынан рәсімделуінде бұрын жарық көрген құжаттардың қандай жинақтарда жарияланғанын көрсетпеуі кемшілік болған деп санаймыз. Мақаланың деректік негізін жарияланған құжаттар мен материалдар жинақтарынан басқа Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (бұдан әрі — ҚРОМА), Қазақстан Республикасы Президент архиві (бұдан әрі — ҚРПА) деректері құрады. ҚРОМА-нің 5-қоры (Қазақстан АССР Орталық Атқару комитеті), 1380-қоры (ҚазАССР Юстиция халық комиссариаты), 1179 — қоры (ҚазАССР Халық Комиссарлар Кеңесі (ХКК) жанындағы көшпелі және жартылай көшпелі қазақ тұрғындарды отырықшыландыру жөніндегі комитет), ҚРПА-ның 141-қоры (БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті) деректері пайдаланылды.

Қазақстандағы дайындау науқанының барысында шаруаларды қуғындау айрықша үлкен көлемде жүргізілді. Жаңа экономикалық саясат кезінде астық дайындау нарықтық тәсілдермен жүзеге асырылып келген еді. Алайда, 1927–1928 жылдары астық дайындаудағы жоспар орындалмай қалды. 1926–1927 жылдардағы жалпы астық дайындау жөніндегі жоспар 25290 мың пұт болып, ол жеке 54910 мың пұт жиналып, асыра орындалған болатын. Ал 1927–1928 жылдарға арналған жоспар 28 700 мың пұт болған ал осы жоспардан орындалғаны 2307 мың пұт болған [7; 42]. Осы кезден бастап, партиялық және үкіметтік мекемелердің төменге жолдайтын бұйрықтары қатаң стилге ауысты. Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясы (БК(б)П) Қазақ Өлкелік комитеті бюросының 1927 жылғы 17 желтоқсандағы № 5 мәжілісінде Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы (ҚазАССР) сауда халық комиссары Кенжиннің астық дайындау мәселесін қарап, «Реттеуші ұйымдар мен көтерме сауда ұйымдары дайындау барысында саудахалкомның астық дайындау туралы нұсқауларын бұзған жағдайда немесе дайындау барысында бұзушылықтар байқалып жатса республика прокурорына бұл істердің қысқа мерзімде қаралуын тапсыра отырып, кінәлілерді жауапкершілікке тартылуына» қаулы қылды [19; 2]. Тарихшылар астық дайындауға байланысты саясаттың қатаңдауына И. Сталиннің өзі тікелей әсер еткенін көрсетеді. «1928 жылы 6 қаңтарда И. Сталин қол қойған нұсқау-хат астық дайындаудағы төтенше шаралардың басталуына нақты негіз жасады». Ал 7-қаңтарда Қазақ Өлкелік партия комитеті осы нұсқауға сәйкес қаулы қабылдады [7; 44]. Юстиция халық комиссариаты (халкоматы, ЮХК) іске көшіп, БК(б)П Өлкелік комитетінің жоғарыда көрсетілген 1927 жылдың 17 желтоқсандағы қаулысын орындау мақсатында және 1928 жылдың 7 қаңтарында БК(б)П Өлкелік комитетінің нұсқауларына байланысты жаңа тәртіп дайындайтынын хабарлайды. Дайындалатын құжат мәні ендігі жерде прокуратура мен сот-тергеу орындары астық дайындау науқанына белсене араласып, қандай да бір органдар тапқан заң бұзушылықтарды қудалап қана қоймай, өздері бастамасымен сондай кемшіліктерді табатын болады [20; 8]. Іле шала Юстиция халық комиссариатының (халкомы) орынбасары Ганиннің Жетісу

губерниялық прокурорына 1928 жылдың 8 қаңтардағы жолдаған жеделхатында «Сіздің, губерниялық соттың саудахалкомның астық дайындауға байланысты нұсқауларын бұзушылар, бәсеңдетушілер, жүрдім бардым қарайтындарды тауып, бір апта уақытында жауапкершілікке тартуға белсенді қатысуға, партия органдарымен келісе отырып, салық төлемеу бойынша осындай істерді жүргізуге жеке жауапкершілігіңізді ескертемін. Телеграф арқылы апта сайын қозғалған істер санын хабарлап отырыңыз. Жеке бақылауыңызда болуы міндетті. Формализм, сөзбұйдаға салу кінәліларды орнынан алуға, сот жауапкершілігіне тартылуына әкеледі», — деген сөздер бар [20; 9]. Араға үш күн салып 11 қаңтарда Юстиция халкомы осы және басқа да конституция нормаларын аяқасты ететін жаңа циркулярын дайындап, таратады. Саяси басшылықтың тапсырмасын мүлтіксіз орындау үшін жолдаған бұл тапсырмадағы кейбір нормаларға кеңірек тоқтала кетейік. БК(б)П ОК, Өлкеком мен ХКК барлық партия және совет органдарының алдында «Одақтың биылғы жылғы шаруашылық жөнінен төтенше маңызы бар» астық дайындау науқанының тұрғаны айтылады. ЮХК елде бұған дейін жүргізілген шабындық және егістік жерлерді бөлу, Советтерді қайта сайлау, салық пен бағаны төмендету және т.б. сияқты қоғамдық-саяси науқандарда сот-тергеу және прокуратура аппараты алға қойған мақсаттың маңыздылығын жете түсінбей отырғанына назар аударады. Бұған дәлел ретінде бұл науқандардың кезінде юстиция органдары қозғаған істер төтенше елеусіз, олардың ішінде олардың өздері мұрындық болып қозғағандары одан да аз екені келтіріледі [20; 20]. Губерниялық прокурорлар (губпрокурорлар) мен губерниялық сот (губсот) төрағаларының жеке жауапкершілігін ескерте отырып, юстиция органдарына осы нұсқаулықты мүлтіксіз орындау талап етілді. Жүргізілген астық дайындау науқанында артық астық пен малды тәркілеу, айыппұл салу мәселелері РСФСР Қылмыстық кодексіне (ҚК) сай жүргізілді. Осы кодекстің 107-бабын астық дайындау науқанында пайдалану талабы заң органдарының алдына тағы бір қиыншылық туғызды. Бұл баптың негізгі мәні алыпсатарлыққа бағытталған болатын. Науқан барысында бұл бап астықты өткізуден бас тартқан шаруаларға қарсы қолданылды. Қазақстанда астық дайындау Сталин көрсеткен 107 бапты 2000 пұт және одан астам астығы барларға қатысты қолдану мүмкін болмады. Юстиция халкомы міндетін атқарушы және республика прокуроры Ганиннің БК(б)П Орталық комитетіне 1928 жылы 5 сәуірде жолдаған хатында Қазақстанның әртүрлі губернияларында сот органдары астық товарлары мен нан бағасын өсіру, алыпсатарлық мақсатта астық сатып алу үшін жаза көзделетін ҚК-ның 107-бабын қолдану әрқилы болып тұрғанын, РСФСР Юстиция халық комиссариаты мәліметіне қарағанда БК(б)П ОК Сібір үшін 2000 пұт белгілегенін, бұл мөлшердің Қазақтан үшін лайық келмейтінін көрсетеді. Осыны ескеріп Юстиция халкомы Өлкелік партия Орталық комитетінен астық сақтайтындарға қарсы репрессияға негіз болатын өлшемді шамамен болса да белгілеп беруін сұрайды. Өз кезегінде ЮХК Қазақстан губернияларын екі топқа бөлуді, біріншісіне Семей, Ақмола, және Қостанайды жатқызып, екінші топқа Ақтөбе, Орал, Сырдария және Жетісу губернияларын кіргізуді және бірінші топқа екінші топқа қарағанда жоғары мөлшер белгілеуді ұсынады. Ресми хат алысуларда федерацияны былай қойғанда Қазақстанның губернияларындағы 107 бап бойынша қудалауға негіз болатын қылмыс құрамына жеткілікті астық мөлшері әрқилы болатыны айтылды. Кеңестер Одағы сауда халық комиссариатының Қазақстандағы уәкілі, КАССР ішкі және сыртқы саудахалкомы Ұ. Құлымбетовтің Юстиция халкомы және прокурорға 21-сәуірдегі құпия хатында: «Саудахалкомы... Сырдария және Жетісу (губерниялары) үшін шаруалардың тек қана 300 пұтқа дейін астық сақтауы 107-бап бойынша басқа қылмыс құрамы белгілері болмаса... бұл (107) бап бойынша жауапқа тартуға негіз бола алмайды», — деп көрсетеді [19; 80, 82]. Шаруалар үшін аса зәру тауарлардың орталықтан келуі де нашар жағдайда болды. Шаруаның қолындағы басы артық астықты товарға айырбастату жолға қойылмады. Тіпті шаруалардан тартып алынған астықтың ақысы да жөндеп төленбеді. Артық астық мөлшері қанша болатыны туралы ортақ өлшем болмады. Шаруалардың әлеуметтік жағдайына қарамай, ҚК-тің 107-бабы бойынша кей жағдайда орташалар, тіпті, кедейлер де жазаланды. Қазақстанның Юстиция халкоматы орталық санақ басқармасы, саудахалкомымен бірігіп, шаруалардың мүліктік категориясын анықтауды талқылады. Осы жұмыстың нәтижесінде 1928 жылдың 7-мамырында шаруа қожалықтарын ауқаттылығына қарай үш топқа: көп егісі барлар, орта егісі барлар, аз егістігі барларға жіктеуді ұсынды. Бірінші топқа 1000 пұтқа дейін астық өсіре алатын егіншілік аймақтар, екінші топқа 500 пұтқа дейінгі астық иелене алатын өңірлер, ал үшінші топқа 300 пұтқа дейін астық өсіре алатын губерниялар жатқызылды. Бұл өлшем бойынша Сырдария және Жетісу губерниялары үшінші топқа кірді [7; 54]. Шаруаларға қарсы репрессия барысында 107-баппен қатар жалпы мемлекеттік маңызы бар міндетті атқарудан бас тартқаны үшін жауапкершілік көзделген РСФСР ҚК-нің 61-ші бабы қолданылды. Астық дайындау

жайы 1928 жылдың сәуірдегі БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау комиссиясының біріккен пленумында талқыланды. Астық жетімсіздігі туралы БК(б)П Орталық Комитетінің 1928 жылғы шілдедегі пленумында да сөз болды. 1928 жылғы салық осындай зорлық-зомбылық пен мемлекеттік деңгейдегі заңсыздықтың нәтижесінде жоғары көрсеткішке жетті. 18 қаңтарда Жетісу губерниялық комитеті (губком) құрамына губком хатшысы, губерниялық атқару комитеті (губатком) төрағасы, мемлекеттік саяси басқарма (ГПУ) бастығы кіретін жедел үштік құрды. Бұл «үштіктердің» заңсыз әрекеттері салдарынан еш кінәсі болмаса да сотқа беру, шаруаны сырттай соттау сияқты жазалау шаралары іске асырылып жатты. Зерттеушілер Қ. Жұмағұлов пен Б. Нұрпейісованың әділ атап көрсеткеніндей, «үштіктер тек кейін репрессия кезінде ғана пайда болып, халыққа күш көрсете бастайды десек, қателесеміз... «үштіктер» сол салық жинау кезінде халықты қорқыта-үркіту барысында барын тартып алу үшін құрылған болатын» [21; 185]. Астық дайындауды жеделдету үшін мұндай үштіктер 1928 жылдың қаңтарында Жетісу губерниясында да құрылды [2; 80]. Астық дайындау науқаны бойынша ірі кулактар мен астығы барларға қысым көрсету шаралары ойластырылды. Нан саудасын алыпсатарлықпен айналысатындар жазалануға жатты. Партия мүшелерінен артық астықты тапсырған-тапсырмағанын тексеріп, астық тапсырудан жалтаратын болса, партия мүшелігінен шығару міндеттелді. Астық тапсырудан бас тартқан ірі астық иелерін барлық түрдегі кооперативтерден шығарып, байкот ету арқылы қысым жасау жоспарланды. Өнеркәсіп товарларын тек астық дайындау науқаны аясында ғана сату көзделді. Ауыл шаруашылық машиналары да астық дайындау науқаны бойынша тек астық берушілерге сату ұсынылды. Жоғарыдағы қатал шаралардың бәрі 1929 жылғы 24 қаңтардағы Голощекиннің артық астықты алу бойынша жеделхаты аясында жүзеге асырылды. Бұдан бөлек 30 қаңтарда округтерге Голощекиннің ірі астық иелерімен күресу туралы тағы бір жеделхаты жолданды. Жетісу округтік партия комитеті бұл бойынша да қатаң шаралар атқаруға тапсырма берді [22; 309]. 1928–1929 жылдардағы астық дайындау науқаны Жетісу округі бойынша жылдық жоспары 2000 000 пуд болған. Жоспардың 1 миллион 834 пуды жиналып, 91,7 %-ға орындалды. Оның ішінде тұтыну кооперациялары үлесі — 67,4 %, кооперациялар — 19,8 %, Астық одағы — 21,8 %-ды құрады. 1929 жылдың 25 шілдедегі БК(б)П Алматы округтік комитеті бюросында астық дайындау бойынша жоспардың орындалмауының басты себебі ретінде «кулак-бай элементтердің жоспарды орындатпауға бағытталған қарсылығы» көрсетілді [23; 19]. Астық дайындау бойынша жоспарды жергілікті жерлерге жеткізу жұмысын айрықша көңіл бөлінді. Жергілікті жерлерге астық дайындау бойынша жіберілетін уәкілдерге арнайы нұсқаулық кеңестер өткізілді. Сондай 1929 жылдың 7 қыркүйегінде өткен кеңес жұмысына округтік барлық мекемелердің, прокуратураның өкілдері қатысты. Алманов төрағалық еткен нұсқаулық кеңестің өткізілуінің тағы бір себебі, астық дайындау жоспарының көлемінің 2300 мың пудқа көбейтілгені болды. Астық дайындау жоспарының көбейтілуі алдында ауылдарға жолданған жоспар көлемін ұлғайтуды талап етті. Уәкілдерге ауыл-селонның ауқатты кулак шаруашылықтарына қысым жасау тапсырылды. «Олардан, тіпті жоспар көлемінен артық болса да барлық товарлық артық заттарын алу керек. Бұл көбейтілген жоспар кемдігін толтыруға керек болады. Бай мен кулакқа қатысты репрессия жасаудан қысылудың керегі жоқ», — делінген кеңес хаттамасында [23; 24]. Село бойынша астық дайындау бойынша жоспар орындалған болса да, бай-кулактарға түк қалдырмай тонау туралы ашық тапсырма берілген кеңес жұмысына Алматы округі бойынша прокурор Темірбеков қатысып отырған еді. ОГПУ ЭКО бөлімі 1929 жылдың 5 қарашасындағы мәліметтеріндегі қуғындалған шаруалар көрсеткіші тым көп екенін көруге болады. Мұнда астық дайындау науқаны басталғаннан бері Алматы округінде ҚК-тің 58–10, 58–8 баптарымен қалаларда — 26, деревняда — 355 адам, ҚК-тің 61,107 баптарымен деревня кулактардан — 96, алыпсатарлардан 107 бап бойынша: қалаларда — 42, деревняда — 14, осы бап бойынша саудагерлерден қалаларда — 3, деревняда 1 адам тұтқындалғаны көрсетілген. ҚК-тің 110–111 баптары бойынша дайындау сауда мекемелерінің лауазымды тұлғалары мен жетекшілерінен 15 адам қамалған. Округ бойынша лауызымдылардың барлық категориялары бойынша қалаларда — 86, деревняда 146 адам тұтқындалған [24; 266].

Мал шаруашылығымен айналысатын аудандардағы астық дайындау науқанының тығырыққа қалай тірелгенін Іле өзенінің солтүстік жағалауы мен Шу өзенінің оңтүстік жағалауындағы көшпелі аудандардағы асыра сілтеушіліктерді түзеу тобын басқарып, жұмыс істеген О. Жандосовтың 1930 жылдың 13 мамырында ҚазӨлкеком мен ҚазОАК жолдаған ақпарында ашық сипаттайды. «Барлық аттары аталған ауылдар толық мал шаруашылығымен айналысатындар. Олардың ішінде егістік көлемі ең көбінің былтырғы жылы 81,5 десятина егістігі болған. Бұл Шоқпар ауданының № 1 ауылы.

Сол себепті бұл ауылдарға ең ауыр сынақ астық дайындау болды. Бұл саладағы асыра сілтеулер биылғы жылғы егістік науқанымен үстемеленді. Көрсетілген ауылдардың барлығы егістік көлемінің қатаң тапсырмаларын алған: Қастек ауданының № 16 ауылы 237 гектар, Шоқпар ауданының № 1 ауылы 150 гектар, Шоқпар ауданының № 3 ауылы 96 гектар және т.б. Жоспарда әртүрлі дақылдар, тіпті темекі де бар. Егін суы жоқ тұздауыт жерлерде және өнім болатынына ешқандай сенімділік жоқ жерлерге себілді. Егін себу еріксіз қоғамдық міндеткерліктер аясында ұйымдастырылды. Егін себушілер әлі күнге дейін өз еңбектерінің нәтижесі кімге тиесілі екенін білмейді. Астық дайындау жоспары орташаның ауласына апарылды. Орындалу мерзімі 5–7 тәулік. Осыдан кейін астық базарында қарбалас басталады. Тары бағасы 7 сомға дейін көтерілді. Бидайды әр пұтына 10–12 сомнан алады. Астық дайындау жоспары бірнеше мәрте берілді. Бұл жағдайды одан бетер қиындатты. Малды сатып, астық алынды. Малдың бағасы төменгі шегіне дейін құлдырады — әр қойға 7–5 және 3 сом болды», — деп көрсеткен О. Жандосов. О. Жандосовтың көрсетуінше, тұқым қорын жинау кейбір ауылдарға астық дайындаудан да ауыр тиген. Тұқым қорын тапсыру жоспары ауыл шаруашылық салығынан босатылған кедейлерге де салынды. Кедей шаруашылықтар тұқым қорына 2,5–5 пұтқа дейін астық тапсырған. Жиналған тұқым қорының тек елеусіз бөлігі ғана көшпелі ауылдар еншісінде қалдырылып, қалған бөлігі қайтарымыз ауданға берілген. Астық дайындау және тұқым қорын жинау науқандары нәтижесінде көшпелі ауылдарда «көрнекі шаруашылықтарды» тәркілеу мен жаппай айыппұлдар салу жүргізілді [25; 62-63]. Астық дайындау науқанының асыра сілтеудің сорақы көрінісі осы Іле ауданында орын алды. Мұнда астық дайындау науқанының уәкілінің өзі жазалау шарасының құрбаны болды. 1930 жылдың желтоқсанында ОГПУ-дің Іле аудандық аппараты уәкілінің көмекшісі Сұлтанбек Сәрсембаев арыз негізінде астық дайындау бойынша уәкіл Мұзахан Алпысбаевты тұтқындаған. Уәкілден жауап алу кезінде Сәрсембаев оны бірнеше мәрте соққыға жығып, 30 градусық суық қоймаға қамаған. Сәрсембаев Алпысбаевты Қаскелеңге жөнелтіп тұрып, айдауылға тұтқынды жолда атып тастауға бұйрық берген. Бұйрық мүлтіксіз орындалып, Алпысбаев жолда атылған. Оқиға барысын тергеу кезінде Сәрсембаевтың ешқандай дәлелсіз айыптап, көптеген кедей колхозшыларды тұтқындағаны белгілі болған. ОГПУ үштігінің үкімімен С. Сұлтанбаев тап жауының тыңшысы ретінде ату жазасына кесіліп, 1930 жылдың қарашасында үкім орындалған [22; 662].

Қазақстан КСРО құрамындағы өңірлердің ішінде астық өндіруші аймаққа жатқызылмаса да, жыл сайын 40 млн пұттан аса астық тапсырды. Астық тапсыру міндетті болып, халықтың қырылып жатқанына қарамастан, орталық астық дайындау барысын қатаң реттеп отырды. Бұны төмендегі кестелерден көруге болады*: Қазақстан бойынша жалпы астық көлемі:

Жылдар	Гектарынан алынған центнер	Барлық жиналған астық млн пұт
1930 ж.	Гектарына 7,3 центнер	46,8
1931 ж.	Гектарына 4,9 центнер	44,2
1932 ж.	Гектарына 3,7 центнер	40,8
1933 ж.	Гектарына 4,2 центнер	42,4

Қазақ АССР бойынша астық дайындау нәтижелері:

Жылдар	Жоспар млн пұт	Тапсырылғаны млн пұт
1929/1930 жылдар	4,1	37,8
1930/1931 жылдар	44,9	40,7
1931/1932 жылдар	50,5	40,4
1932/1933 жылдар	40	41

*[2; 315].

КСРО көлемінде жаппай ұжымдастырудың басталуына орай БК(Б)П Орталық комитеті 1929 жылдың 20 желтоқсанында «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» туралы қаулы қабылдады. Бұл қаулы мал шаруашылығымен айналысатын қазақ шаруаларының тағдырына кері әсер етті. Қаулыға сәйкес, «ірі ет өндіретін мемлекеттік совхоздарды» ұйымдастыру, колхоздардағы мал шаруашылығын дамыту, «ет өнеркәсібін жасау» сол үшін мал шаруашылығын өркендету маңызды міндет есебінде көрсетілді. Бұл қаулыда жекеше кедейлер, орта шаруашылықтардағы мал өсіруге ықпал ету маңызды саналғанымен, оның өнімділігі мен тауарлылығы төмен деп көрсетілді [7; 62-63]. Шаруалардың күштеп ұжымдастыруға қарсылық ретінде қолда бар малды союы мал дайындау науқанын қиындатты. Мал басының күрт кемуіне байланысты дайындау науқанында күш-көлік, асыл

тұқымды, жас төлдер де дайындала бастады. 1930 жылы бүкіл дайындалған еттің 30–35 %-і Москва мен осы облыстың өнеркәсіп орталықтарын қоректендірді. Еттің кемдігінен индустриалдық жұмысшылар үшін айына 4,4 кг ет нормасы енгізілді [26; 22]. Кеңес өкіметі ет проблемасын шешудің жедел дайындау және шарт жасасу (контрактациялау) жолын таңдады. Тегеурінді әкімшілік қысым мал дайындау науқаны барысында күшейіп кетті. Мұнда «соғыс коммунизмі» саясатымен үндес тәсілдерге жол берілді. Ет дайындаудың көлемі алдын ала тапсырмалар межесімен белгіленді. Бірақ бұл тапсырмалардағы мал көлемі шаруаларды қолында нақты бар малмен сәйкеспейтін. Осының кесірінен шаруашылықтарда бар сан басынан анағұрлым артық тапсырмалар түсе бастады. Мысал үшін Жетісу губерниясы Балқаш ауданында 183 мың бас ірі қара мал болса, мал дайындау бойынша түскен тапсырма 300 мың бас малға есептелген салғырт еді [5; 2]. Контрактацияның әсіресе көшпелі аудандарда жүргізілу механизмін О. Жандосов 1930 жылғы 13 наурыздағы көшпелі аудандардағы асыра сілтеуді жою жөніндегі жұмыс тобының ақпарларында нақты суреттеп берген. «Халық колхоздан қорқа бастады, — дейді ол, — Бұдан кейін контрактация бойынша агенттер келіп үлгерді. Жалпы мал басының өнімдерін контрактациялау, сол өнімдердің шығу нормаларын асырып көрсету арқылы іске асты (әрбір қойдың басынан 3 фунт жүн қырку және жас мөлшеріне қарамастан әрбір түйеден 17,5 фунттан). Контрактация колхоз арқылы жүргізілді. Бұл халықты одан әрі шошытты. Одан кейін жана ұйымдастырушы және онымен бір мезгілде округтен қандай да бір бригада келді. Олар малды 80 % ортақтастыру мәселесін көтерді. Халық саудаласуды жөн көрді және ортақтастыруды 50 %-ға жүзеге асыруды саудаласып алды. Бұдан кейін ауданның жаппай ұжымдасқанына байланысты 100 % -дық ортақтастыру тапсырмасымен ұйымдастырушы келеді... Халық 80 % ортақтастыруды саудаласып алғанымен, оған жету мүмкін болмайды. Енді колхозда дауыс берудің орнына колхоз жиналысынан кетіп қалу басталады. Бұл уақытында алдын алмаса күрделі, зардаптары бар қарсылықтың басы» [25; 62]. 1930 жылдың 5 наурызынан кейін БК(б)П ОК хатшысы И. Сталинге жолдаған жабық хатында Ф. Голощекин бір-бірімен байланысты екі мәселеге тоқталған. Оның біріншісі, 1930 жылдағы шаруалар көтерілістері болса, екіншісі мал дайындау жайы. Республикадағы мал дайындау науқанын «өткір мәселе» деп көрсеткен Голощекин өткен 1929 жылдың 1 қазанына қарай Қазақстанда 7 млн бас ірі қара мал болғанын, бұл көрсеткіш қуаңшылық пен «жыртқыштықпен жоюдың» салдарынан азайып, 6 млн-нан аспайтын ірі қара қалғанын баяндайды. Қазақстандағы мал дайындау жопары 1400 мың бас, жалпы мал санының 25 %-ын құрайды. Бұл санға совхоздардың ет бойынша дайындауларын қосса, қолда бар малдың 30–35 %-ын құрамақ. Голощекин егіс науқаны кезінде күш-көлік малды союды кідіртуді және мал шаруашылығының міндеттерін, мүмкіншілігін есепке алып, мал дайындау жоспарын шешімді түрде қайта қарауды ұсынған [27; 11]. О. Жандосов барлық шаруашылық-саяси науқандардың қазақ ауылында жүру механизмін нақты суреттеп береді. «Барлық міндеттерді шешудің кәдуілгі тәртібі былай болып тұр, — дейді ол — аудан тапсырма береді, ауыл белсенділері оны орындау тәсілін анықтайды, белсенділердің ұсынысы формальді түрде (кедейлер жиналысы деп айқындалғанымен, әр кезде әртүрлі құрамда жинала беретін) жиналыс өткізіледі, одан кейін белсенділер мен кедейлердің атынан шығарылған шешім өздерін мәселені талқылауға қатыстыру жөніндегі ешбір ишарасыз, орташаларға жеткізіледі. Бұйрықтарды орындау бойынша әрекет ауылдық кеңестен рулық топтарға (шаруашылық ауыл деген атауды бекітіп алған әрбір әкімшілік ауылда 3–5 адамнан болатын) жеткізіледі, осы негізгі рулық топтардан одан да ұсақ рулық бірлестіктерге, нағыз шаруашылық ауылдарға және олардан ары жеке шаруашылықтарға жеткізіледі. Көптеген орындаушылар, жиналыстар партұяшықтар, кеңестер және кедейлер ұйымын алмастырып кетеді. Бұл жағдайларда табиғи түрде кедейлердің ресми өкілдігі мен орташалар арасында мынандай қарым-қатынастар орнығады: кедей орташаны өзінің көмекшісі санайды, орташа формальді түрде өзінің мұндай рөліне қанағаттанушылық білдіреді, ал шын мәнінде кез келген кедей ұйымдары мен жиналыстары орташаны үрейлендіреді. Орташа кедейлер жиналыстарына қатыстырылмайды... Осылардың бәрінің нәтижесінде Шоқпар ауданының № 2 ауылындағыдай барлық көшпелі ауылдарда көтерілістердің алғышарттары пісіп жетілді» [25; 58–59]. «Көшпелі ауылдардағы партияның ықпалы мүлде жоқ. Мұндағы коммунист — партияда жоқ белсенділердің ішінде жұтылып кететін шын мәніндегі жалғыз. Шоқпар ауданының 10 көшпелі ауылында 3 нақты мүшесі, 13 кандидаты бар бір ғана партұяшық бар», — деп көрсетеді О. Жандосов. Көшпелі ауылдарда колхоздар ұйымдастырылғанмен, шын мәнінде бірде бір колхоз болмаған [25; 61].

1930 жылдың 27 наурызында Ақсуға басып кірген көтерісшілер ОГПУ Бүйен Ақсу ауданындағы тыңшылық мәліметтерімен қоса совет мекемелерінің іс-қағаздарын өртеп, бір кооператив дүкенін

таратып, 23 белсендіні тұтқындаған. Тұтқындалғандардың ішінде ауатком төрағасы К. Баксин, халық соты К. Шымырбековтер болған. БК(б)П аупартком хатшысы Ибрагимов, колхоз председатели Тарасов және бір кеңес қызметкері қаза болады. Ақсуда құрамына Жанбаев, Қылиев, Шатырбаевтар кірген көтерілісшілердің штабы құрылады. Осы штаб тінту, кеңес қызметкерлерін тұтқындау туралы шешімдерді шығарды. Ақсуға басып кіргенде көтерілісшілердің қолында 20 винтовка, 100 аңшы мылтығы болған. Көтерісшілер ақ ту ұстап, «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Комсомолдар мен коммунистерді соғындар!», «Салықтар, тұқым қорын жинау жойылсын!» — деген ұрандар көтеріп кірген. Ақсуға шабуылмен бір мезгілде 1930 жылдың 27 наурызында Қожахмет Әділбеков бастаған көтерілісшілердің тағы бір тобы оқ шығармай Сарқан ауданындағы Арасан селосын басып алды. Арасан тұрғындарының жиналысында көтерілісшілер жетекшілерінің бірі Қали Мәмбетов: «Кеңес өкіметі халықты қайыршылыққа, аштыққа алып келді, енді құртуға апара жатыр. Бүкіл Түркістан көтерілді. Айналаның барлығы көтерілісшілердің қолында, бізбен жүрулеріңіз керек», — деп мәлімдеген [8; 85]. ОГПУ отрядтары көтеріліске қатысқан шаруаларды ұстап, жауап алу барысында жаппай бас көтерулердің себебін үңіле зерттегені байқалады. Жоғары жаққа жіберілген жедел ақпараттарда кейде жергілікті жерлердегі асыра сілтеу көріністері де баяндалған. Бүйен Ақсу ауданындағы асыра сілтеулер жауапты партиялық-кеңес қызметкерлері тарапынан орын алған. № 14 ауылдың Қоянды шатқалында кедейлердің бір бөлігі ашығып жатқан кезде БК(б)П мүшесі, аудандық уәкіл Оспан Әділбековтің тапсырмасымен ауыл кеңес уәкілі, ол да партия мүшесі Шаймерден Құткабаев тұқым қорын бермеген кедейлерді, астық бойынша тапсырманы орындамағандарды 3 күн ішінде тұтқындайтынын мәлімдеген. Осылайша 9 кедей тұтқындалған. Олардың 4-іне үш күн ішінде тұқым қорына құятын астықты тапсыру талап етіліп, 5-інің мал-мүлкі тәркіленіп, колхозға тапсырылатыны ескертілген. 28 ақпанда өткен жиналыста 18 шаруаның әрқайсысына 30–40 пұттан тұқым қоры үшін астық тапсырмасын берген Жамалиев атты уәкіл шаруалардан пара алған соң тапсырма мөлшерін 10–20 пұтқа төмендеткен. № 3 ауылдың кедейі Байболовқа тұқым қоры үшін 40 пұт көлемінде шамасы мүлде жетпейтін мөлшерде астық тапсырмасы берілген. № 10 ауыл кедейі Омаркүл Бұламбаев пен оның ағасына әрқайсысы 23 пұттан астық тапсыру міндеттелген. Тұқым қорын жинау жөніндегі жалпы жиналыста орташа шаруашылыққа 28 пұт, кедейлерге 10 пұттан тапсырма мөлшері қабылданып, екі күн мұрсат берген комиссия тапсырма орындалмаған жағдайда бір-екі шаруаны атуға дейін баратындықтарын ескерткен. ОГПУ қызметкері Ковалевтің ақпарларында Қызылағаштағы көтеріліс кезінде «Кеңес өкіметі, колхоздар, коммунистер жойылсын!» деген ұран көтерілгені айтылады [1; 164–165]. Шаруалар бас көтеруінің себептерін тек таптық негіздегі қарсылық деп түсінген Ф.И. Голощекин 1930 жылдың маусымында өткен Бүкіл қазақтық VII партия конференциясының есепті баяндамасында жергілікті ұйымдардың астық дайындау бойынша «жоспарды орындауы Қазақстанның бүкіл КСРО социалистік құрылысына қатысқанын білдіретінін» көрсеткен [28; 24].

Дайындау науқандарының ауырлығы шаруалардың босқыншылығын туғызды. ҚазӨлкеком хатшысы Хахианиге қаржы халкомы есеп және статистика бөлімі бастығы Шаймұхамедовтің 1931 жылдың 9 тамыздағы Қазақстанның 27 ауданынан келіп түскен мәліметтер негізінде берген мәліметтері бойынша, Қырғызстанға 1031 шаруашылық пен 33595 бас малмен, Қытайға 563 шаруашылықпен 2276 бас малмен көшіп кеткен. Есеп бойынша Қазақстаннан сыртқа 35597 шаруашылық пен 893074 бас мал кеткен [29; 1]. ОГПУ-дің құпия саяси бөлімінің 1931 жылдың қазандағы «Қазақстаннан Қытайға эмиграция туралы» арнайы анықтамасында «Қазақстанның Қытаймен шекара аймағында әртүрлі науқандарды (ең бастысы, ет дайындау бойынша) жүргізудегі асыра сілтеулерге, өнеркәсіп товарларымен жабдықтаудағы кемшіліктерге, халықтың кеңеске қарсы бөлігінің белсенділігінің артуына байланысты эмиграциялық көңіл-күйдің дамуы мен жергілікті халықтың Батыс Қытайға көптеп көшуі байқалады. Бұл қозғалыс бізге әлеуметтік жағынан жақын халықтың бөлігі — орташа, кедей және тіпті колхозшыларды да қамтып, кей жағдайларды жалпылық сипатқа көшіп отыр», — деп көрсетілген. ОГПУ құпия саяси бөлімі келтірген мәліметтерге сәйкес, 1930 жылы шекарада өтерде ұсталғандармен қосқанда арғы бетке кеткендердің саны 10636 адамды құраған. 1931 жылдың қазанға дейінге айларында толық емес мәліметтер бойынша шекарадан өткендер мен өтерде ұсталғандардың саны 15 мың адамнан асқан. 1930 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда 1931 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы көшіп кеткендердің саны 2686-дан 4377 адамға өскен. Қытайға кетушілер саны 1931 жылдың 2 тоқсанында 5 мыңға, 3 тоқсанда алты мың адамға жуықтаған. Тек 1931 жылдың тамыз айының 10 күні ішінде өтіп кеткендер мен өтерде ұсталғандар мөлшері 1 ауыл (саны белгісіз), 1066 шаруашылық, 1670 жеке өтушілерді құраған [16;

209]. ОГПУ келтірілген мәліметтердің толық емес екенін мойындайды. Іс жүзінде босқындар мен көшуге дайын отырғандар саны бұдан әлдеқайда көп. Қазақ Өлкелік комитетінің шекаралық аудандар секторы Алматы округі кейбір совхоздарында «апатты жағдай» орнағанын суреттеген [30; 35]. Шекара аумағындағы кейбір аудандардағы босқыншылық көлемін арнайы тексергенде, жекелеген аудандар халқының 3/1 көшіп кеткені анықталған.

Қорытынды

Статья написана в рамках исследования, финансируемого Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант № AP09259979, договор № 161/36–21–23 от 07.04.2021 г.).

Список литературы

- 1 Есенгараев Е.Ж. Общество, институты и социальная наука / Е.Ж. Есенгараев. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2017. — 312 с.
- 2 Спенсер Г. Синтетическая философия / Г. Спенсер. — Киев: Ника-Центр, 1997. — 513 с.
- 3 Дюркгейм Э. О разделении общественного труда. Метод социологии / Э. Дюркгейм. — М.: Наука, 1991. — 575 с.
- 4 Веблен Т. Теория праздного класса. — 4-е изд. / Т. Веблен. — М.: ЛИБРОКОМ, 2011. — 365 с.
- 5 Парсонс Т. Общий обзор / Американская социология. Перспективы, проблемы, методы / Г.В. Осипов. — М.: Прогресс, 1972. — С. 360–378.
- 6 Парсонс Т. О структуре социального действия / Т. Парсонс. — М.: Академический Проект, 2000. — 880 с.
- 7 Бергер П. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания / П. Бергер, Т. Лукман. — М.: Медиум, 1995. — 323 с.
- 8 Делез Ж. Фуко / Ж. Делез. — М.: Изд-во гуманит. лит., 1998. — 172 с.
- 9 Делез Ж. Эмпиризм и субъективность: опыт о человеческой природе по Юму. Критическая философия Канта: учение о способностях. Бергсонизм. Спиноза / Ж. Делез. — М.: ПЭРСЕ, 2001. — 143 с.
- 10 Делез Ж. Мая 68-го не было / Ж. Делез. — М.: Ад Маргинем Пресс, 2016. — 96 с.
- 11 DiMaggio P.J., Powell W.W. The New Institutionalism in Organizational Analysis / P.J. DiMaggio, W.W. Powell. — Chicago: University of Chicago Press, 1991. — 486 p.
- 12 Норт Д. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики / Д. Норт. — М.: Фонд экономической книги «Начала», 1997. — 180 с.
- 13 Норт Д. Понимание процесса экономических изменений / Д. Норт. — М.: ГУ «ВШЭ», 2010. — 256 с.
- 14 Греф А. Институты и путь к современной экономике. Уроки средневековой торговли / А. Греф. — М.: ГУ «ВШЭ», 2013. — 536 с.
- 15 Аджемоглу Д. Почему одни страны богатые, а другие бедные. Происхождение власти, процветания и нищеты / Д. Аджемоглу, Дж. Робинсон. — М.: АСТ, 2016. — 704 с.

- 16 Асеомглу Д. Экономические истоки диктатуры и демократии / Д. Асеомглу, Дж. Робинсон. — М.: ГУ «ВШЭ», 2015. — 512 с.
- 17 Есенгараев Е.Ж. Переходное общество: институциональный анализ / Е.Ж. Есенгараев // Проблемы теоретической социологии. — Вып. 4. — СПб.: НИИХ СПбГУ, 2003. — С. 284–294.
- 18 Есенгараев Е.Ж. Реформы и институциональная теория / Е.Ж. Есенгараев // Саясат–Policy. — 2003. — № 4. — С. 48–57.
- 19 Есенгараев Е.Ж. Идентичность как проблема современного мира / Е.Ж. Есенгараев // Идентичность в современном мире: Материалы Междунар. науч.-теор. конф. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. — С. 3–10.
- 20 Есенгараев Е.Ж. Структурный подход к типологии обществ / Е.Ж. Есенгараев // Стратегия Казахстан — 2050: сб. материалов V Конгр. социологов Казахстана. — Алматы, 2014. — С. 215–223.
- 21 Эйзенштадт Ш. Революция и преобразование обществ. Сравнительное изучение обществ / Ш. Эйзенштадт. — М.: Аспект-Пресс, 1999. — 416 с.
- 22 Рикер П. Герменевтика, этика, политика. Московские лекции и интервью / П. Рикер. — М.: KAMI ACADEMIA, 1995. — 160 с.

Е.Ж. Есенгараев, Т.Н. Пупышева

Институттар мен қоғам

Институттар, әлеуметтік жүйелер және оларды өзгерту мәселесі туралы көптеген жұмыстар жазылды. Олардың көпшілігі экономикалық немесе технологиялық детерминизм идеяларына нақты немесе нақты емес сүйенеді. Редукционизм талдау әдісі ретінде көптеген зерттеушілер үшін ең тартымды болып қала береді. Мұндай логиканы ұстанатын авторлар институттар мен әлеуметтік жүйелерді, сондай-ақ олардың эволюциясын шешуші факторлардың бірінің призмасы арқылы қарастырады. Осындай факторларға ғалымның парадигматикалық құрамына байланысты өндіріс әдісі, технологиялық инновациялар және географиялық жағдайлары жатады. Осы дәлелдер авторларды күмәннен арылтады, өйткені олар кейбір жағдайларда бұл факторлардың шектеулі қоғамдарға оң әсерін тигізген себептерін дәйекті түрде түсіндіреді, бірақ көптеген елдер оларды өздеріне пайдалы ете алмады. Бір факторлы тәсілдің айқын шектеулерімен келісуді қаламау көбінесе тарихи істің эклектикасына немесе аполлогиясына әкеледі. Редукционизмге балама құрылымдық тәсіл болып табылады. Оның арқасында қоғам сияқты күрделі құбылыс бір қағидаға енбейді және институттардың тарихи қалыптасқан құрылымы ретінде қарастырылады. Құрылымдық тәсіл әлеуметтік жүйелер құрылымындағы айырмашылықтарды оларды белгілі бір материалдық принципке азайту арқылы емес, институттардың қатынасы арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Институционалды құрылым әлеуметтік жүйенің түрін анықтайды, ал дәстүрлі қоғамды модернизациялау оның институционалдық құрылымын өзгертен жағдайда ғана мүмкін болады. Теориялық нақтылаудың қажетті деңгейі, нәтижесінде олардың идеяларын неғұрлым нақты эмпирикалық растау, институционалдық және құрылымдық көзқарас когнитивизмге қол жеткізуге жағдай жасайды.

Кілт сөздер: қоғам, қоғамдық жүйе, институт, институционализация, заңдастыру, әлеуметтік сәйкестік, саралау, әртарапандыру.

E.Zh. Esengaraev, T.N. Pupysheva

Institutions and society

Many works have been written about institutions, social systems and the problem of their transformation. Most of them are directly or indirectly based on the ideas of economic or technological determinism. Reductionism as a method of analysis remains the most attractive for the majority of researchers. Authors adhering to this logic consider institutions and social systems as well as their evolution through the prism of one of the decisive factors. These factors, depending on the paradigm affiliation of the scientist, include the mode of production, technological innovation, and geographical conditions. These arguments relieve the authors of doubts more than they consistently explain the reasons why in some cases these factors had a positive impact on a limited number of societies, while most countries were not able to turn them to their advantage. Unwillingness to agree with the obvious limitations of the one-factor approach often leads to eclecticism or apology for the historical case. An alternative to reductionism is the structural approach. Thanks to it, as complex a phenomenon as society is not reduced to one basis and is considered as a historically formed structure of institutions. Structural approach allows to explain the differences in the structure of social systems not through their reduction to a certain material principle, but through the correlation of institutions. The institutional structure determines the type of social system, the modernization of a traditional society is possible only if its institutional structure is transformed. The necessary level of theoretical concretization, and as a result, a more accurate empirical confirmation of their ideas, of the institutional-structural approach was achieved by cognitivism.

Keywords: society, social system, institution, institutionalization, legitimation, social identity, differentiation, diversification.

References

- 1 Esengaraev, E.Zh. (2017). *Obshchestvo, instituty i sotsialnaia nauka* [Society, institutions and social science]. Karaganda: Izdatelstvo Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 2 Spenser, G. (1997). *Sinteticheskaia filosofiiia* [Synthetic Philosophy]. Kiev: Nika-Tsentr [in Russian].
- 3 Diurkheim, E. (1991). *O razdelenii obshchestvennogo truda. Metod sotsiologii* [On the division of social labor. Sociology method]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 4 Veblen, T. (2011). *Teoriia prazdnogo klassa* [Theory of the leisure class]. Moscow: LIBROKOM [in Russian].
- 5 Parsons, T. (1972). *Obshchii obzor* [General review] / *Amerikanskaia sotsiologiiia. Perspektivy, problemy, metody — American Sociology. Prospects, problems, methods*, 360–378 [in Russian].
- 6 Parsons, T. (2000). *O strukture sotsialnogo deistviia* [On the structure of social action]. Moscow: Akademicheskii Proekt [in Russian].
- 7 Berger, P., & Lukman, T. (1995). *Sotsialnoe konstruirovaniie realnosti. Traktat po sotsiologii znaniia* [Social construction of reality. A treatise on the sociology of knowledge]. Moscow: Medium [in Russian].
- 8 Delez, Zh. (1998). *Fuko* [Fuko]. Moscow: Izdatelstvo gumanitarnoi literatury [in Russian].
- 9 Delez, Zh. (2001). *Empirizm i subektivnost: opyt o chelovecheskoi prirode po Yumu. Kriticheskaia filosofiiia Kanta: uchenie o sposobnostiakh. Bergsonizm. Spinoza* [Empiricism and Subjectivity: Hume's Experience of Human Nature. Kant's Critical Philosophy: The Study of Ability. Bergsonism. Spinoza]. Moscow: PERSE [in Russian].
- 10 Delez, Zh. (2016). *Maia 68-go ne bylo* [May 68 was not there]. Moscow: Ad Marginem Press [in Russian].
- 11 DiMaggio, P.J., Powell, W.W. (1991). *The New Institutionalism in Organizational Analysis*. Chicago: University of Chicago Press.
- 12 Nort, D. (1997). *Instituty, institutsionalnye izmeneniia i funktsionirovaniie ekonomiki* [Institutions, Institutional Change and Economic Performance]. Moscow: Fondy ekonomicheskoi knigi «Nachala» [in Russian].
- 13 Nort, D. (2010). *Ponimanie protsessa ekonomicheskikh izmenenii* [Understanding the process of economic change]. Moscow: HU «VShE» [in Russian].
- 14 Greif, A. (2013). *Instituty i put k sovremennoi ekonomike. Uroki srednevekovoi trgovli* [Institutions and the path to the modern economy. Lessons from medieval trade]. Moscow: HU «VShE» [in Russian].
- 15 Adzhemohlu, D., & Robinson, Dzh. (2016). *Pochemu odni strany bogatye, a drugie bednye. Proiskhozhdeniie vlasti, protsvetaniia i nishchety* [Why are some countries rich and others poor. The origin of power, prosperity and poverty]. Moscow: AST [in Russian].
- 16 Asemohlu, D., & Robinson, Dzh. (2015). *Ekonomicheskie istoki diktatury i demokratii* [Economic origins of dictatorship and democracy]. Moscow: HU «VShE» [in Russian].
- 17 Esengaraev, E.Zh. (2003). *Perekhodnoe obshchestvo: institutsionalnyi analiz* [Transitional society: institutional analysis]. *Problemy teoreticheskoi sotsiologii — Problems of theoretical sociology*, 4, 284–294 [in Russian].
- 18 Esengaraev, E.Zh. (2003). *Reformy i institutsionalnaia teoriia* [Reforms and institutional theory]. *Saiasat – Polisy*, 4, 48–57 [in Russian].
- 19 Esengaraev, E.Zh. (2002). *Identichnost kak problema sovremennogo mira* [Identity as a problem of the modern world]. *Identichnost v sovremennom mire: Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-teoreticheskoi konferentsii — Identity in the modern world: Materials of the international scientific-theoretical conference*, 3–10 [in Russian].
- 20 Esengaraev, E.Zh. (2014). *Strukturnyi podkhod k tipologii obshchestv* [Structural approach to the typology of societies]. *Strategiia «Kazakhstan — 2050»: sbornik materialov V Kongressa sotsiologov Kazakhstana — Strategy «Kazakhstan — 2050»: collection of materials of the V Congress of sociologists of Kazakhstan*, 215–223 [in Russian].
- 21 Eizenshtadt, Sh. (1999). *Revoliutsiia i preobrazovaniie obshchestv. Sravnitelnoe izucheniie obshchestv* [Revolution and transformation of societies. Comparative study of societies]. Moscow: Aspekt-Press [in Russian].
- 22 Riker, P. (1995). *Germenevtika, etika, politika. Moskovskie lektsii i interviiu* [Hermeneutics, Ethics, Politics. Moscow lectures and interviews]. Moscow: KAMI ACADEMIA [in Russian].

А.Б. Қалыш*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, Алматы, Қазақстан
(E-mail: kalyshamanzol@gmail.com)

XIX-XX ғасырдың басындағы орыс және еуропа суретшілерінің картиналарындағы Қазақстан территориясы және қазақтар бейнесі

Мақалада революцияға дейінгі Ресей империясы Қазақстан суретшілерінің тарихи өлкетануына байланысты қосқан үлесі қарастырылған. Орынбор даласы, Ор қамалына, кейінірек Каспий теңізі жағалауы мен Маңғыстау түбегіндегі Новопетровск бекінісіне он жылдай (1847–1857) жер аударылған ұлы украин ақыны және драматург, суретші — Т.Г. Шевченконың (1814–1864 жж.) салған суреттері мен көркем туындыларында қазақ халқының Батыс, ішінара Оңтүстік Қазақстанның жерлері көрініс тапқан. Қазақ халқының тұрмысы мен өлкетануына тікелей қатынасы бар, ландшафттық пейзаж, графикалық жұмыстар мен көркемөнер суреттерінің туындауына Арал (1848–1849) және Қаратау экспедицияларына қатысуы себеп болған. Батыс Сібір және Солтүстік Қазақстанның материалдық мәдениеті мен сәулет өнері Ресейдегі Томск қаласының пейзажист-суретшісі П.М. Кошаровтың (1824–1902 жж.) альбомдарында суреттелген. 1852–1857 жылдары Жетісудағы П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің экспедициясына қатысу барысында Қапал-Арасан және тағы басқа минералды көздерді, Верный қаласын көркемдеген. «Эсселер, эскиздер, естеліктер» (1883), «Түркістан. Этюд және натура» (1874) иллюстрациялық кітабы мен «Түркістан топтамалары» (1871–1874) атты суреттің авторы В.В. Верещагиннің (1842–1904 жж.) көркемөнер туындыларында Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу бейнеленген. Орыс географиялық қоғамының Жетісудағы бөлімінің ұйымдастырушысы, Түркістан археология әуесқойларының мүшесі — Н.Г. Хлудов (1850–1935) қарастырылып отырған мәселелерге өзінің үлесін қосты. Жетісу, Іле Алатауына арналған көркемөнер туындыларын жарыққа шығарған. Сонымен, мақалада жоғарыда аталған суретшілердің революцияға дейінгі еңбектері, қосқан үлесі жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: Қазақстан, өлкетану, қасиетті нысандар, аймақ, тұрғындар, суретшілер, музейлер, сурет галереялары.

Кіріспе

Мақаланың өзектілігі бейнелеу өнері саласында ұлттық өлкетанудың дамуын зерттеудегі қазақстандық тарихнамадағы олқылықтардың орнын толықтыру қажеттілігімен байланысты.

Бұл ұсынылған көркемдік мәселелерге бет бұруымыз XIX-XX басындағы орыс суретшілерінің Қазақстан мен оның жекелеген аймақтарын бейнелейтін шығармаларына заманауи көзбен қарауға деген талпыныс тарихи өткенге деген қызығушылықтан ғана туындап отырған жоқ, осы тақырып аясында әлі жеткілікті зерттелмеген бұл мұраны тарихи және этномәдени тұрғыдан зерделеу бүгінде өте маңызды.

Қазақстан аумағында орыс және еуропа суретшілерінің шығармашылығын мәдени-тарихи процестер аясында зерттеу XIX–XX ғасырдың басындағы Қазақстан өлкетануының күрделі даму жолын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Оның қызықты қырларын айшықтап, көлеңкеде қалған жақтарын ашып, сол кезеңнің өнердегі орнын анықтауға септігін тигізеді. Жұмыс барысында ақпарат көзі ретінде баяндамаға құрылымдық және мазмұндық жағынан жақын ғылыми әдебиетпен қатар біз зерттеп отырған орыс және еуропа суретшілерінің шығармашылық өміріне арналған жазбалар да пайдаланылды. Өнертанушылардың мұндай ғылыми еңбектері көркемдік стилистикалық талдау жағынан терең және іргелі болғанымен, ол еңбектерде суретшілердің шығармашылығындағы қазақстандық кезеңге жіті көңіл бөлінбеген, сондықтан олардың көркемдік, эстетикалық және тарихи, мәдени маңыздылығына лайықты баға берілмегенінің көрсеткіші деп білеміз.

Зерттеу нысаны — біз қарастырып отырған суретшілердің бейнелеу өнеріндегі көркемдік тілдің коммуникативтік қызметі, ол өз кезегінде этносаралық мәдени байланыстардың генезисі мен даму аспектісінде зерделенеді.

Зерттеу пәні — аталмыш кезеңдегі бейнелеу өнерінің жағдайын ұлттық өлкетану тарихы аясында қарастыру.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kalyshamanzol@gmail.com (А.Б. Қалыш)

Әдіснамалық тұрғыдан мақала өнер мен мәдениетті рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы ретінде ғана емес, өзіндік динамикасы мен диалектикасы бар үрдіс ретінде түсінуді көздейтін барлық гуманитарлық зерттеулерге ортақ тарихилық қағидасына негізделген. Классикалық өнертанудың әдіснамалық жетістіктеріне сүйене отырып, біз көркемдік-тарихи үрдісті суретшінің дарыны мен ол өмір сүрген кезеңдегі объективті әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық және мәдени жағдайлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі деп түсінеміз. Бұл жұмыста қолданылған негізгі әдістер: хронологиялық әдіс, ол көркемдік-тарихи процесі дәйекті түрде қалпына келтіруге мүмкіндік береді; тарихи-салыстырмалы әдіс, оның міндеті белгілі бір аймақтардағы өнердің даму ерекшеліктерін көрсету және жалпы бейнелеу өнеріне тән белгілерді анықтауға бағытталған көркем шығармаларды сараптайтын көркемдік-стистикалық әдіс. Осы мақала үшін экстраполяция принципі маңызды болып табылады, сонымен қатар зерттеу нысанын жалпы тарихи жағдайда қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелік тәсіл де қажет.

Негізгі бөлім

Батыс Қазақстан аумағы мен халқы, сонымен бірге ішінара Оңтүстік Қазақстанның өмірі **Т.Г. Шевченконың** (1814–1864) шығармашылығында көрініс тапты. Көрнекті украин жазушысы және ақыны, дарынды суретшісі Украинаның, Ресейдің және Қазақстанның жаңа тарихында жарқын із қалдырды. Оның көркемдік мұрасында 1000-нан астам аяқталған шығармалар бар, олардың ішінде 1830–1861 жылдар аралығында әртүрлі тақырыптарға жазылған, тек 835 кескіндеме, портреттер, суреттер, эскиздер мен этюдтер сақталған. Олардың сюжеттерінде портреттер, тарихи, мифологиялық және тұрмыстық тақырыптар, жергілікті тарих пен қазақ халқының өмірімен тікелей байланысты сәулеттік және табиғи-ландшафттық көріністер бейнеленген. Тарас Григорьевич бар болғаны 47 жыл ғана өмір сүрді, оның 34 жылын тұтқында өткізді: 24 жыл басыбайлы болды, 10 жылдан астам жер аударылды және 13 жыл ғана азат адам ретінде өмір сүріп, оның өзінде 4 жыл жандармерияның күнделікті қатал бақылауында болды.

Т.Г. Шевченко 1814 жылы Украинада Киев губерниясының ауылында басыбайлы шаруаның отбасында дүниеге келді. 12 жасында басыбайлықта тұлдыр жетім қалып, помещик Павел Энгельхардка қызметші болып алынды. 1829 жылы онымен бірге Вильноға, содан соң 1831 жылы Петерборға кетті. Мұнда 1835 жылы ол өзінің жерлесі, жас суретші И.М. Сошенкомен танысып, көп ұзамай ол арқылы Петербордың беделді мәдениет қайраткерлерімен кездесті. Олар Шевченконың бойындағы ерекше дарынды байқап, 1838 жылы 24 жасында оны 2500 рубльге құлдықтан босатып алды [1]. Азат болған Т.Г. Шевченко Өнер академиясына еркін тыңдаушы ретінде дәріс алуға мүмкіндік алды. Майлы және су бояумен, қарындашпен сурет салудан ерекше қабілеттерін көрсетіп, әйгілі К.П. Брюлловтың шәкірті болды. 1845 жылы Академияны тәмамдағаннан кейін ол отанына оралып, Киев археографиялық комиссиясының суретшісі болды. Алайда, 1847 жылы 5 сәуірде ол Ресей империясындағы крепостнойлық жүйені жою үшін күрескен құпия ұйым — Кирилл мен Мефодий қоғамына қатысты деген жаламен қамауға алынды. Тарас Григорьевич Ор бекінісінде орналасқан Бөлек Орынбор корпусының 23-атқыштар дивизиясының 5-батальонының қатардағы сарбазы ретінде 10 жылға жер аударылды, содан соң Маңғышлақтағы Новопетровский бекінісіне жіберілді [2]. Сондай қиын жағдайға да, Николай I патшаның үкіміне де қарамастан ол астыртын түрде шығармашылықпен айналысып, көркем шығармаларды дүниеге әкелді, өлеңдер жазды.

1848 жылдың сәуірінен 1849 жылдың қарашасына дейін Шевченко зерттеуші және штурман А.И. Бутаков басқарған «Константин» шхунасының экипаж құрамына күзетші-сарбаз болып енді. Бұл жағдай да оның дарынының толыққанды ашылуына оң әсерін тигізді. Осы уақыт аралығында ол 70-тен астам поэтикалық шығарма жазып, 160-тан астам түрлі-түсті суреттер мен акварельдер жасады. Қазақстанның тарихи өлкетануы бойынша олардың ішіндегі ең маңыздылары сол кезеңдегі форттар мен бекіністердің бейнелері: «Қарабұтақ форты», «Ырғыз қала бекінісі», «Райым бекінісі», оның ішкі, сыртқы көрінісі, «Сырдария айлағы», «Қос арал фортындағы шхуналар», «Қосаралдағы шамшырақ», «Қосарал бекінісінің қысқы көрінісі», «Арал жағасында», «Арал теңізінің тік жағалауы», «Көкарал», «Барсакелмес аралы», «Қосаралдағы қыстау», «Құландыдағы Дос молданың бейіті» сияқты жергілікті ландшафттың көрінісі өте тартымды, соның ішінде «Даладағы өрт» сияқты пейзаждар ерекше көзге түседі.



Т.Г. Шевченко (1814–1864)



Кара-Бұтақ форты



Атты казак



Райым бекінісі

Экспедиция аяқталысымен 1850 жылдың көктемінде патшаның шығармашылыққа тыйым салған үкімін бұзғаны үшін деген айыппен Т.Г. Шевченко қайтадан қатауға алынып, қиядағы бекініске — Маңғышлақ түбегіндегі Новопетровский фортына қатаң қадағалауға алынды. Ол сол жерде сыртқы әлеммен қатынассыз қиыншылыққа толы 7 жылын өткізді. Әйтсе де, 1851 жылы ол Қаратау мен Ақтауға жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды зерттейтін геологиялық экспедицияға қатысып, оның ішінде Қаратау мен Ақтау көмір кен орындарын зерттеді. Маңғышлақтағы ежелгі ескерткіштердің, оның ішінде Қанға алқабындағы «Ханга баба», «Ханга баба құлпытасының» эскиздерін жасаған суретшілердің біріншісі және бірегейі болды. Осы жерде салынып және қазіргі кезде Қазақстанның Форт-Шевченко қаласындағы мемориалдық мұражайға, сонымен қатар Киевтегі Т.Г. Шевченконың Мемлекеттік мұражайында көрмеге қойылған көптеген суреттер ішінен «Новопетровский бекінісі маңындағы тұрғын үй», «Маңғышлақ түбегіндегі Түк қарағай мүйісі», «Маңғышлақ бағы», «Тақуа жартасы» сияқты туындыларын атап өтуге болады.

1855 жылы Николай I патша қайтыс болып, оның мұрагері Александр II билікке келген соң ғана Т.Г. Шевченко граф Ф.П. Толстойдың жанұясының ықпал етуінің арқасында 1857 жылы босатылып, Петерборға заңды түрде оралу құқығына жетті. Өмірінің соңғы жылдарында ол бейнелеу өнерінің мыс оюы саласында елеулі нәтижеге жетті. Сондықтан 1860 жылы Өнер академиясының жалпы жиналысы мен Ғылыми кеңесі суретшіге құрметті академик атағын берді [3].

Томск қаласының пейзаж суретшісі **П.М. Кошаровтың** да (1824–1902) Солтүстік және Шығыс Қазақстанның, сондай-ақ Жетісу өңірінің сәулетін, материалдық мәдениетін бейнелейтін альбомдары

мен эскиздері ерекше көрінеді. Ол 1840–1846 жылдары Императорлық өнер академиясында оқып, К.П. Брюллов, И.К. Айвазовский, М.Н. Воробьевтан дәріс алған [4; 9–10].

1854 жылдан өмірінің соңына дейін ол Сібірдегі Томск қаласымен байланысты болды, мұғалім және суретші, «Сибирский художественный листок» журналының баспагер-редакторы болып жұмыс істеді. Бұл жерде өзінің ойға алған «Художественно-этнографические рисунки Сибири» атты топтамасын жүзеге асырды [5].

Оның шығармашылығында Сібір, Алтай, Тянь-Шань, Ыстықкөл, Томск және оның маңайындағы көріністер елеулі орын алады. Сонымен қатар портреттер, этнографиялық нұсқалар, тұрмыстық суреттер оның графикалық және бейнелік жұмыстарында айқын сипатталған.

1856 жылы жазда П.М. Кошаров рудалы Алтайды зерттеу мақсатында Алтай тау экспедициясына іс-сапарға жіберілді. Ол қажет географиялық, геологиялық және археологиялық суреттерін дайындауы тиіс еді. Алтайдан суретші тау мен өзен алқабының табиғи пейзажын алып келді. Әсіресе, Қазақстанның Ресеймен шекарасы өтетін Алтайдың тамаша тауы — Белуханың бейнесі, сонымен бірге «Бұқтырма бекінісі мен Өскемен қаласы арасындағы Ертіс өзені» картинасы ерекше болды. Алтайдың жергілікті халықтарының тұрмысы, елді-мекендері, баспанасы, киім-кешектері, тұрмыстық бұйымдары жайлы әртүрлі суреттері жинақталған папкасы айтарлықтай қызығушылық тудырады. Суретші бұл папканы кейін бөлек этнографиялық альбом ретінде шығарған [6; 51–59].



П.М. Кошаров (1824–1902)



Бұқтырма бекінісі мен Өскемен қаласы арасындағы Ертіс өзені

1857 жылы танымал саяхатшы П.П. Семеновтың басшылығымен Тянь-Шаньның таулы жүйесін зерттеу бойынша Орыс географиялық қоғамының ғылыми экспедициясы құрамында суретші ретінде қатысты. Алтай, Тарбағатай, Семей қаласы, Жетісу мен Іле Алатауы, Шелек пен Меркі өзендеріне, Балқаш көліне барды [7]. Сапар нәтижесінде Хан-Тәңірі тауының шыңы, жергілікті тұрғындардың портреттері, тарихи ескерткіштер, тұрмыстық бұйымдар мен киім-кешектер суреттері секілді туындылар дүниеге келіп, олардың бір бөлігі болашақта суретшінің «Виды природы в Тянь-Шане. Его жителей Дико-Каменных и Большой Орды киргизов» атты этнографиялық альбомына енді [8; 33–39; 9; 147–193].

1860 жылы суретші Томск қаласында өз картиналарының көркем көрмесін ұйымдастырып, онда жоғарыда көрсетілген екі экспедицияның барысында дүниеге келген туындыларын қойды [10; 147–193].

Бүгінгі күні П.М. Кошаровтың Алтай және Тянь-Шань сериясына жататын шығармалары Томск музейінде, Томск мемлекеттік университетінің Ғылыми кітапханасында, Орыс географиялық қоғамының архивінде, Санкт-Петербурдағы Ұлы Петр атындағы Ресей Ғылым академиясының Антропология және этнография музейінің алдыңғы және Орта Азия бөлімінде сақтаулы [11]. Ол шығармаларда жергілікті халықтардың этнографиялық бейнелері, киім-кешектері, бұйымдары, қару-жарақтары, елді-мекендердің пейзажы бейнеленіп, кейін Орта Азия, Қазақстан және Алтай жайлы

журналдар мен кітаптарда жарыққа шыққан. Олар «Киргизский край» [12] және «Туркестанский край» [13], «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көптомдық серияларын қосқанда П.П. Семеновтың иллюстрациялық кітабында кеңінен пайдаланылды.

Оңтүстік Қазақстан және Жетісу бейнесі «Туркестан. Этюд с натуры», «Очерки, наброски, воспоминания» атты иллюстрациялық кітаптардың және «Туркестанские серии» картиналарының авторы, орыс суретшісі **В.В. Верещагиннің** (1850–1935) туындыларында орын алған.



В.В. Верещагин (1842–1904)



Бай қырғыз (қазақ) аңшысы сұңқармен



Мешіт есігінің алдында



Тау көрінісі

1873 жылы Василий Васильевич құрастырған «Туркестанские серии» атты жинақта 1867–1868, 1869–1870 жылдары және одан кейінгі уақытта Ресей империясы Түркістан аумағын жаулап алғаннан кейінгі кезеңде болған сапарлары барысында туындаған 230 шығармасы енген. Ол Түркістан генерал-губернаторлығына әскери қимылдармен офицер және К.П. Кауфман жанына хатшы-суретші ретінде жіберілген [14].

Суретшінің «Туркестанская серия» атты жинағы қалың көрерменге қираған қала маңындағы үйіліп жатқан бас сүйектер мен оған қонған өлім символы — қарға-құзғындар бейнелеген «Апофеоз войны» суретімен ғана танымал емес. Кейін Германиядағы мюнхен коллекциясына арқау болған картиналар, суреттер және табиғат көріністері, этюдтер осы аумақ халқының бейбіт өмірін, қазақ отбасының көшіп-қонуын, салтанатты киіз үй бейнелері суреттелді. Өлкетанушыларды қызықтыратын қала мен қоныстардың, бекіністер мен тарихи ескерткіштердің суреттері де осы

қатарға кіреді. Генерал В.П. Перовский әскерлерінің атқылап, қиратқан Ақмешіт бекінісі суреті де жатқызылады [15; 79–81].

В.В. Верещагиннің «Туркестан. Этюды с натуры» альбомындағы 26 беттегі 106 сурет те өлкетанулық сипатқа ие [16]. Олардың ішінде «Старая крепость по дороге из Чимкента в Ташкент», Қ.А. Яссауиге арналып салынған «Мечеть в городе Туркестане», «Нищенствующие монахи ордена Накшбанди у входа в мечеть в Туркестане» суреттерін ерекше атап көрсетуге болады.

Түркістанға арналған көптеген картиналар мен суреттер 1869 жылы К.П. Кауфманның көмегімен Санкт-Петербурда, сондай-ақ 1873 жылы Лондонда және 1874 жылы Мәскеуде ұйымдастырылған В.В. Верещагиннің жеке көрмесінде қойылды. Аталған көрмелерде 13 картина, 81 этюд, 133 сурет ұсынылған. «Туркестанская серия» жинағын қазіргі күні Мәскеудегі атақты Ресей мемлекеттік Третьяков галереясы иеленген меценат және коллекционер П.М. Третьяков түгелімен сатып алады [17].

Суретшінің көптеген танымал шығармалары Жетісу мен Қырғызстанға арналған. Ол бұл аймақтарда және циньдік Қытаймен шекаралас қалалар мен елді-мекендерге 1869 жылдың жаз-күз айларында келіп, Алакөлде болып, Алатаудың таулы асуларына көтерілген. Осы саяхаты кейін «Богатый киргизский охотник с соколом», «Виды гор близ станции Лепсинской», «Окружающие Лепсинский край горы», «Виды гор в долине реки Чу» атты туындыларында өз көріністерін тапқан [18].

В.В. Верещагиннің жоғарыда аталған шығармаларының басым бөлігі Мемлекеттік Третьяков галереясында, Мәскеудегі этнография музейінде, АҚШ-тың Бостон өнер музейінде және т.б. қалалардағы музейлерде сақталған. Аталған шығармаларының көпшілігі Мемлекеттік Третьяков галереясында, Мәскеудегі этнография мұражайында, АҚШ-тың Бостон өнер мұражайында, сондай-ақ басқа да қалаларда орналасқан.

Ресей және Қазақстанның танымал суретшісі, этнограф және өлкетанушы **Н.Г. Хлудов** (1850–1935) біз қарастырып отырған мәселеге қатысты үлкен үлес қосты. Ол алдымен Одесса сурет мектебін (1874), содан кейін Петербор қаласының көркем шеберханасын бітірген. 1879 жылы Қазақстанға келе салысымен Түркістан генерал-губернаторлығының Әскери халық басқармасында топограф қызметін, ал 1884 жылы Верный қаласында Жетісу облыстық басқармасының жер өлшеушісі қызметтерін атқарады [19; 10]. Бұл оған Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Қазақстан халқының тұрмысы мен өмірін, табиғатын жақын тануға мүмкіндік берді.


1886 жылы Николай Гаврилович геолог И.В. Игнатьев пен ботаник А.Н. Красновтың Хан Тәңірі тау ландшафтын зерттеу бойынша экспедициясында топограф, суретші және фотограф ретінде қатысады. Біз үшін осы аталған экспедицияның қорытындысы бойынша дайындалған 13 акварельден тұратын альбом қызығушылық тудырады. Олардың арасында «Главный пик Тянь-Шаня — Хан-Тенгри» [19; 12] шығармасы кеңінен танылған.

1887 жылы 28 мамырда суретші И.В. Мушкетов басқарған Верный жер сілкінісінің мен салдарын зерттеу бойынша ұйымдастырылған экспедиция құрамына кірді. 1883–1887 жылдары осы екі экспедиция барысында Николай Гавриловичтің атқарған жемісті еңбегі мен кәсібилігі Орыс Императорлық Орыс географиялық қоғамының күміс медалімен [20; 138–148], сонымен қатар III дәрежелі Қасиетті Анна және Қасиетті Станислав ордендерімен марапатталды [21; 19].


Осы және кейінгі жылдары Н.Г. Хлудов Верный жоғары училищесінің сурет салу және сызу пәнінің оқытушысы; семинария, қыздар гимназиясы мен ауыл шаруашылық техникумының мұғалімі; археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің мүшесі; Орыс географиялық қоғамының Жетісу бөлімінің негізін салушысы болды. Ол Түркістан генерал-губернаторлығының көркем портреттері мен безендіру тапсырыстарын орындау бойынша тапсырыстар алды.

Экспедиция және қызметтік іс-сапарлар барысында кәсіби міндеттерін орындаумен қатар, суретшіні Жетісу табиғатының сұлулығы еліктіріп, нәтижесінде ол жергілікті жердің қайталанбас мұздықтары, алқаптары, өзендері мен көлдері бейнеленген эскиздер мен суреттер туындады. Аймақтың көшпелілер мен отырықшы халқының мәдениеті, тұрмысы мен шаруашылық өмірін барынша суреттеді. Олар, ең алдымен — қоныстар, стационарлық және тұрақты баспаналар, сонымен қатар жылжымалы баспаналар — киіз үйлер еді. Осы аталған баспаналардың алғашқысы Іле Алатауының баурайында алыстан және жақыннан бейнеленген. Ол қатарға 15 картина мен этюдтер жатады, олардың ішінде азамат соғысы жылдарындағы Қазақстанның жағдайы бейнеленген «Разгром аула», тұрақты баспана мен киіз үй көрініс тапқан «Домики на фоне горы» және «Зимовка» суреттері бар. «Юрта в горах», «В юрте», «Жайляу», «Внутренность казахской юрты» және т.с.с. суреттерді

қоса алғанда 30-ға жуық картиналар киіз үй және оның ішкі интерьеріне арналған. Аталған суреттер Жетісу қазақтарының көшпелі тұрмысын бейнелейтін картиналарды құрайды. Ең алдымен, көшпелілердің көшіп-қонуына арналған: «Кочевье в горах», «Богатое кочевье», «Перекочевка в бурю», «Траурное кочевье». Суретшінің туындыларының басым бөлігі аумақтың көшпелі және отырықшы тұрғындарының шаруашылық-мәдени өміріне арналып, төрт түлік мал түрлері мен оларды бағу ерекшеліктерін қамтыған.



Н.Г. Хлудов (1850–1935)



Жайлау



Бай көшпенді



Киіз үйде

Өткеннің мұрасымен, әсіресе ескі интеллигенция өкілдерімен қатаң күрескен тоталитарлық кеңестік билік тұсында да Н.Г. Хлудовтың кәсібилігі сұранысқа ие болды. Дегенмен, 1920 жылы ол Верный қаласында жеке көркем студияны ұйымдастырып, қаржыландырады. Ол студия 1930 жылға дейін қызмет еткен. Аталған студияда Ә.Қастеев, С.Чуйков, А.Бортников және т.б. қазақ бейнелеу өнерінің болашақ корифейлері алғашқы білімдерін алған. Тіпті 1925 жылы ол Жетісуда тұңғыш көркем көрме, 1930 жылға дейін өзінің жеке көрмесін ұйымдастырып, 1927, 1934 жылдары Мәскеу қаласында өткен көркем көрмелерге қатысқан [22; 227–228].

Атап өтетін жәйт, Г.Н. Хлудовтың туындылары Алматы, Бішкек, Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларының мұражайларында және басқа да жеке коллекцияларда бар. Оның шығармаларының ең үлкен бөлігі, яғни 214 суреті — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің қорында, оның ішінде 117 кескіндеме, 39 қарындаш суреті, 55 акварель мен этюд және сурет салынған 3

альбомы сақталған. Суретшінің 35 кескіндеме жұмыстары Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының коллекциясында да бар [21; 18–19].

Қорытынды

Қазақстан өлкесі өзінің бай тарихы мен мәдениеті арқылы XIX-XX ғасырдың басында көптеген орыс және еуропалық зерттеушілердің шығармашылық шабытының қайнаркөзіне айналды. Егер еуропалық шығыстану, сәйкесінше бейнелеу өнері Таяу Шығыс материалдарына негізделген болса, орыс өнері қалыптасқан тарихи жағдайда өзіндік ерекшелігі бар, әлі әлсіз танылған, жаңа және ерекше бастау — Қазақстан және Түркістанға бағытталды.

Орыс және еуропалық өнер Қазақстан мен Түркістан проблематикасы боялған сегменттерді осы аумақтың халқының өмірі жайлы өз замандастарына жеткізе алды ма деген сауалға жауап берер болсақ, көшпелілер мен отырықшы халықтардың тұрмысы көбіне үстірт сипатта болды. Ал, арнайы ресми тапсырыс бойынша дайындалған жұмыстарда тарихи шындық Ресейдің ресми ортасы ұстанған идеологиясы мен олардың эстетикалық талғамдарына сәйкес насихаттық стереотиптермен ығыстырылды. Алайда, осыған қарамастан, көптеген жекелеген орыс және еуропалық суретшілердің жұмыстарында ресми ұстанымдарға қарамастан жергілікті халықтың өміріне, мәдениетіне деген шынайы назар аударылып, тарихи оқиғалардың басты мәнін түсінуге талпыныстар жасалды.

Қорытындылай келе, Т.Г. Шевченко, П.М. Кошаров, В.В. Верещагин және Н.Г. Хлудовтың иллюстрациялық материалдарын талдай отырып, олар революцияға дейінгі Қазақстанның тарихы мен мәдениетін тану үшін ғылыми, тарихи-мәдени және танымдық қызығушылық тудырған тамаша туындыларды дүниеге әкелді. Суретшілердің туындыларында, тіпті жазба мәтіндерінде де «бөгде адамдардың» мәдениетіне деген немқұрайдылық немесе менсінбеушілік байқалмайды. Аталған авторлардың шығармалары тек қана танымдық қызығушылық емес, Қазақстан тарихы мен мәдениеті үшін ғылыми, тарихи-мәдени маңызға ие екені сөзсіз.

Мақала Мәдениет және спорт министрлігінің № BR08555285 «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы фотоқұжатты деректер (отандық музейлер коллекциясы бойынша). Ғылыми каталог» гранттық жобасы аясында орындалған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Красицкий Д.Ф. Тарас — художник: рассказы о юности Т.Г. Шевченко / Д.Ф. Красицкий. — Киев: Радуга, 1973. — 140 с.
- 2 Паламарчук Г.П. Тарас Шевченко / Г.П. Паламарчук. — Киев: Мистецтво, 1976. — 352 с.
- 3 Чалый М.К. Жизнь и произведения Тараса Шевченко / М.К. Чалый. — Киев: Типогр. К.Н. Милевского, 1882. — 281 с.
- 4 Снитко Л.И. Первые художники Алтая / Л.И. Снитко. — Л.: Художник РСФСР, 1986. — 155 с.
- 5 Кошаров П.М. Художественно-этнографические рисунки Сибири / П.М. Кошаров. — Томск, 1889. — 48 л.
- 6 Колосова Г.И. Алтайская тема в графических работах художника П. Кошарова / Г.И. Колосова // Вестн. Том. гос. ун-та. Культурология и искусствоведение. — 2014. — № 4 (16). — С. 51–59.
- 7 Семенов-Тянь-Шанский П.П. Путешествие в Тянь-Шань / П.П. Семенов-Тянь-Шанский. — М.: Географгиз, 1958. — 278 с.
- 8 Колосова Г.И. Этнографический альбом художника П.М. Кошарова «Виды природы в Тянь-Шане» в научной библиотеке Томского университета / Г.И. Колосова // Вестн. Том. гос. ун-та. Культурология и искусствоведение. — 2015. — № 4 (20). — С. 33–39.
- 9 Абрамзон С.М. Этнографический альбом художника П.М. Кошарова 1857 г. / С.М. Абрамзон // Сб. Музея антропологии и этнографии. — М., 1953. — Т. 14. — С. 147–193.
- 10 Кошаров Павел Михайлович // Томск от А до Я: Краткая энциклопедия города. — 1-е изд. — Томск: Изд-во НТЛ, 2004. — С. 168, 169.
- 11 П.М. Кошаров: рисунок, живопись, литография: каталог-альбом / Сост., автор предисл. Г.И. Колосова. — Томск: Изд. дом Том. гос. ун-та, 2018. — 378 с.
- 12 Россия. Полное географическое описание нашего отечества. — Т. XVIII. Киргизский край. — СПб.: Изд-во А.Ф. Девриена, 1903. — 517 с.
- 13 Россия. Полное географическое описание нашего отечества. — Т. XIX. Туркестанский край. — СПб.: Изд-во А.Ф. Девриена, 1905. — 428 с.
- 14 Лебедев А.К. Василий Васильевич Верещагин / А.К. Лебедев, А.В. Солодовников. — Л.: Художник РСФСР, 1987. — 180 с.

- 15 Жабцев В.М. Василий Васильевич Верещагин / В.М. Жабцев // Русская жанровая живопись. — Минск: Харвест, 2008. — С. 79–81.
- 16 Туркестан. Этюды с натуры В.В. Верещагина. — СПб.: В магазине А. Беггрова, 1874. — 26 л. илл.
- 17 Володарский В.М. Василий Верещагин / В.М. Володарский. — М.: Белый город, 2000. — 64 с.
- 18 Василий Васильевич Верещагин: альбом. — М.: Изобразительное искусство, 1974. — 72 с.
- 19 Чеботов Д.И. Николай Гаврилович Хлудов: жизнь и творчество / Д.И. Чеботов. — Алма-Ата, 1956. — 86 с.
- 20 Болкоев Ф. Творчество Н.Г. Хлудова / Ф. Болкоев // Мәдени мұра = Культурное наследие. — 2015. — № 5 (62). — С. 138–148.
- 21 Николай Гаврилович Хлудов. Каталог произведений: живопись и графика. — Алматы: Эффект, 2003. — 288 с.
- 22 Мендешева Р.А. Творческий вклад русских художников в искусство Казахстана / Р.А. Мендешева // Cuadernos de Rusística Española. — 2011. — № 7. — P. 227–231.

А.Б. Калыш

Территория Казахстана и казахи в работах российских художников XIX – начала XX веков, хранящихся в музеях и картинных галереях

В статье рассмотрен вклад дореволюционных художников Российской империи в исследование исторического краеведения Казахстана. Известно, что земли и казахское население Западного, частично Южного Казахстана нашли свое достойное отражение в живописи и зарисовках Т.Г. Шевченко (1814–1864) — художника, великого украинского поэта и драматурга, отбывавшего в Казахстане десять лет ссылки (1847–1857) в оренбургских степях, в крепости Орске, а затем в Новопетровском укреплении на полуострове Мангышлак и на берегу Каспийского моря. Участие в работе двух экспедициях — Аральской (1848–1849) и Каратауской — способствовали созданию им ряда живописных картин и графических работ, ландшафтных пейзажей, имеющих прямое отношение к краеведению и быту казахского народа. Оригинальны альбомы и зарисовки томского художника-пейзажиста П.М. Кошарова (1824–1902) с видами архитектуры, материальной культуры Западной Сибири и Северного Казахстана. Принимая участие в экспедиции П.П. Семенова-Тян-Шанского в Жетысу в 1852–1857 гг., он сумел оформить раннее документальное изображение Верного, минерального источника Капал-Арасан и др. Южный Казахстан и Жетысу нашли свое отражение в полотнах и зарисовках В.В. Верещагина (1842–1904), автора картин «Туркестанские серии» (1871–1874), иллюстрированных книг «Туркестан. Этюд с натуры» (1874), «Очерки, наброски, воспоминания» (1883). Аналогичный вклад в рассматриваемую нами проблему внес Н.Г. Хлудов (1850–1935) — член Туркестанского кружка любителей археологии, учредитель Семиреченского отдела Русского географического общества. Им были выполнены множество достоверных художественных картин, посвященных Жетысу, Заилийскому Алатау. Таким образом, в статье показан вклад указанных нами выше дореволюционных художников в разработку поставленной нами выше проблемы.

Ключевые слова: Казахстан, историческое краеведение, сакральные объекты, население, дореволюционные художники, музеи, картинные галереи.

A.B. Kalysh

The territory of Kazakhstan and Kazakhs in the works of Russian artists of the 19th–early 20th centuries, kept in museums and art galleries

This article considers the contribution of pre-revolutionary artists of the Russian Empire to the study of the local history of Kazakhstan. It is known that the lands and Kazakh population of Western, Northern, Eastern and Southern Kazakhstan found their worthy reflection in the paintings of famous artists. So, for example, the sacred monuments of the Mangyshlak Peninsula, the plain of Ustyurt, the northern Aral Sea and the Caspian Sea were depicted in the paintings and sketches of the great Ukrainian poet and playwright T.G. Shevchenko (1814–1864). He was exiled for ten years in Kazakhstan (1847–1857) in the Orenburg steppes, in the fortress of Orsk, and then in the Novopetrovsk fortification on the Mangyshlak Peninsula, and on the banks of the Caspian Sea. His participation in the work of two expeditions of Aral (1848–1849) and Karatau facilitated the creation of several paintings and graphic works of landscapes, which have a direct relation to the study of local lore and life of the Kazakhs. Original albums and sketches of the Tomsk artist P.M. Kosharov (1824–1902) depicting types of architecture, the material culture of Western Siberia and Northern Kazakhstan are also of note. Participating in an expedition of P.P. Semenov-Tyan-Shansky to Zhetysu in 1852–1857, he managed to issue the early documentary image of Vernyi, mineral source Kapal-Arasan, etc. The Southern Kazakhstan and Zhetysu found the reflection in V.V. Vereshchagin's sketches (1842–1904), who was the author

of the pictures «Turkestan Series» (1871–1874), and the illustrated books «Turkestan. The etude from nature» (1874), «Essays, sketches, memoirs» (1883). A similar contribution to the subject under consideration was made by the member of the Turkestan circle of lovers of archaeology, founder of the Semirechensky department of the Russian Geographical Society N.G. Khludov (1850–1935). He created a set of realistic art paintings devoted to Zhetysu and Zailiysky Alatau. Thus, the article shows the contribution of the above-mentioned pre-revolutionary artists to the development of the subject posed by us.

Keywords: Kazakhstan, local history, sacred objects, population, pre-revolutionary artists, museums, art galleries.

References

- 1 Krasitsky, D.F. (1973). Taras — khudozhnik: rasskazy o yunosti T.G. Shevchenko [Taras is an artist: stories about the youth of T.G. Shevchenko]. Kiev: Raduga [in Russian].
- 2 Palamarchuk, G.P. (1976). Taras Shevchenko [Taras Shevchenko]. Kiev: Mistetstvo [in Russian].
- 3 Chalyy, M.K. (1882). Zhizn i proizvedeniia Tarasa Shevchenko [Life and works of Taras Shevchenko]. Kiev: Tipografiia K.N. Milevsky [in Russian].
- 4 Snitko, L.I. (1986). Pervye khudozhniki Altaia [The first artists of Altai]. Leningrad: Artist of the RSFSR [in Russian].
- 5 Kosharov, P.M. (1889). Khudozhestvenno-etnograficheskie risunki Sibiri [Artistic and ethnographic drawings of Siberia]. Tomsk [in Russian].
- 6 Kolosova, G.I. (2014). Altaiskaia tema v graficheskikh rabotakh khudozhnika P. Kosharova [Altai theme in the graphic works of the artist P. Kosharov] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Kulturologiia i iskusstvovedenie — Bulletin of Tomsk State University. Culturology and art history, 4 (16) [in Russian].
- 7 Semenov-Tyan-Shanskiy, P.P. (1958). Puteshestvie v Tyan-Shan [Travel to Tien Shan]. Moscow: Geografiz [in Russian].
- 8 Kolosova, G.I. (2015). Etnograficheskii albom khudozhnika P.M. Kosharova «Vidy prirody v Tyan-Shane» v nauchnoi biblioteke Tomskogo universiteta [Ethnographic album of the artist P.M. Kosharovs «Types of nature in the Tien Shan» in the scientific library of Tomsk University] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Kulturologiia i iskusstvovedenie — Bulletin of Tomsk State University. Culturology and art history, 4 (20) [in Russian].
- 9 Abramzon, S.M. (1953). Etnograficheskii albom khudozhnika P.M. Kosharova 1857 g. [Ethnographic album of the artist P.M. Kosharovs 1857] // Sbornik Muzeia antropologii i etnografii — Collection of the Museum of Anthropology and Ethnography. Moscow, 14 [in Russian].
- 10 Kosharov Pavel Mikhaylovich [Kosharov Pavel Mikhaylovich] (2004) // Tomsk ot A do Ya: Kratkaia entsiklopediia goroda [Tomsk from A to Z: A Brief Encyclopedia of the City]. 1st ed. Tomsk: Publishing House NTL [in Russian].
- 11 P.M. Kosharov: risunok, zhivopis, litografiia: katalog-albom [drawing, painting, lithography: catalog-album] (2018) Sostavitel, avtor predislavii G.I. Kolosova [Comp., Author of the foreword G.I. Kolosova]. Tomsk: Izdatelstvo NTL [in Russian].
- 12 Rossiia. Polnoe geograficheskoe opisanie nashego otechestva (1903). [Russia. Full geographical description of our Fatherland]. Tom XVIII. Kirgizskii krai [Vol. 18th. Kyrgyz region]. Under the editor V.N. Semenov. Saint Petersburg: Izdatelstvo A.F. Devriena [in Russian].
- 13 Rossiia. Polnoe geograficheskoe opisanie nashego otechestva (1905). [Russia. Full geographical description of our Fatherland]. Vol. 19th. Turkestanskii krai [Turkestan region]. Under the editor V.N. Semenov. Saint Petersburg: Izdatelstvo A.F. Devriena [in Russian].
- 14 Lebedev, A.K., & Solodovnikov, A.V. (1987). Vasilii Vasilevich Vereshchagin [Vasilii Vasiliyevich Vereshchagin]. Leningrad: Khudozhnik RSFSR [in Russian].
- 15 Zhabtsev, V.M. (2008). Vasilii Vasilevich Vereshchagin [Vasilii Vasiliyevich Vereshchagin] // Russkaia zhanrovaia zhivopis — Russian genre painting. Minsk: Kharvest [in Russian].
- 16 Turkestan. Etiudy s natyry V.V. Vereshchagina [Sketches from nature V.V. Vereshchagin] (1874). Saint Petersburg: V magazine A. Beggrova [in Russian].
- 17 Volodarsky, V.M. (2000). Vasilii Vereshchagin [Vasilii Vereshchagin]. Moscow: Belyi gorod [in Russian].
- 18 Vasilii Vasilevich Vereshchagin: albom [Vasilii Vasiliyevich Vereshchagin: Album] (1974). Moscow: Izobrazitelnoe iskusstvo [in Russian].
- 19 Chebotov, D.I. (1956). Nikolai Gavrilovich Khludov: zhizn i tvorchestvo [Nikolay Gavrilovich Khludov: life and work]. Alma-Ata [in Russian].
- 20 Bolkoef, F. (2015). Tvorchestvo N.G. Khludova [Creativity N.G. Khludov] // Kulturnoe nasledie — Cultural heritage, 5 (62) [in Russian].
- 21 Nikolay Gavrilovich Khludov. Katalog proizvedenii: zhivopis i grafika (2003). [Nikolay Gavrilovich Khludov: Catalog of works: painting and graphics]. Almaty: Effect [in Russian].
- 22 Mendesheva, R.A. (2011). Tvorcheskii vklad russkikh khudozhnikov v iskusstvo Kazakhstana [The creative contribution of Russian artists to the art of Kazakhstan] // Cuadernos de Rusística Española, 7 [in Russian].

Ж.А. Карсыбаева*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: gydita@mail.ru)*

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жамбыл облысы

Ұлы Отан соғысы — адамзат тарихындағы қанды қырғынның бірі. Соғыстың тірі куәгерлері — ардагерлер мен тыл еңбеккерлері, майдангерлердің қатары жыл өткен сайын азаюда. Қан майданда от кешкен жауынгерлердің ерлігін келер ұрпақтың жадында сақтау үшін соғыс тақырыбын толыққанды зерттеп, қазақстандықтардың майданда көрсеткен ерліктерінің тарихи шынайы бағасын беру маңыздылығы арта түсуде. Соғыс тарихына қатысты өзекті мәселелер қайта қарауды талап етеді. Себебі бұл соғыста қаншама миллиондаған адамдар құрбан болды, тылда мыңдаған адам соғыс қажетіне аянбай еңбек етті. Міне, осындай қасіретті кезеңді басынан өткізген Қазақстан халқының тарихының ақтаңдақ беттерін қайта зерделеп, ерліктеріне шынайы баға беру — қазіргі уақыт талабы. Тәуелсіздігімізді алғалы бері, мұрағат қорындағы көптеген деректер ғылыми айналымға еніп, басылып шығып отыр, бірақ жарияланбаған тарихи деректердің ауқымды кешені қалыптасты. Алайда, соғыстағы жауынгерлерге қатысты сандық деректер әлі де нақтылауды қажет етеді. Соғысқа аттанған жамбылдық жауынгерлердің ішінде айқасқа қатысқан, жараланғандар, қаза тапқандар, ерлікпен көзге түскендер де, із-түзсіз жоғалғандар да бар. Қазақ жерінде жасақталған бірқатар әскери құрамалар соғысқа аттанды және олардың соғыс пен тылдағы ерліктері, шайқастары соғыс тарихының құрамдас бөлігі болды. Сондықтан да, соғыс тарихы мен адамдар тағдырын зерттеу, оның ішінде тақырыпқа сай жамбылдықтардың әскери өмір тарихын зерттеу өте қажет. Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жамбылдықтардың әскери қимылдарға қатысуы туралы деректерге сүйене отырып, олардың ерліктері туралы зерттеу ұсынылған.

Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы, майдангерлер, тыл еңбеккерлері, әскери құрамалар, әйелдер.

Kipicne

1941–1945 жылдары болған Ұлы Отан соғысы мемлекет пен қоғамның, қарапайым адамдардың күнделікті өміріне, олардың жоспарына, жұмыс жағдайына күрт өзгерістер енгізді. 1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты бүкіл кеңес қоғамының өмірі, елдің экономикасы, қоғамдық-саяси жағдайы, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері соғыс қажеттілігіне қарай бейімделген болатын. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ Жамбыл облысының азаматтарына жаңа міндеттер жүктелді. Жамбыл облысынан Ұлы Отан соғысына 40 000-ға жуық адам аттанған деген ақпарат бірнеше әдебиеттерде көрсетіледі. Осыған байланысты мұрағат қорларындағы нақты ақпараттармен жұмыс жасау керектігі айқындалады.

- 10 Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки) / Н. Шаханова. — Алматы: Казахстан, 1998. — 380 с.
- 11 Сологуб Л.Г. Материнство как социальный институт / Л.Г. Сологуб. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.dissercat.com/content/materinstvo-kak-sotsialnyi-institut>.
- 12 Кабакова М. Ценности и традиции современной казахской семьи / М. Кабакова. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/contents/view/440>.
- 13 Психологические особенности казахской семьи. — Алматы: Қазақ университеті, 2018. — 240 с.
- 14 Шалгинбаева С.Х. Семейные традиции и социокультурный облик казахов городов Алматы и Тараза (этносоциологическое исследование) / С.Х. Шалгинбаева. — Алматы, 2002. — 210 с.
- 15 Федорова А. Казахский обычай отдавать первенца и его влияние на психику ребенка / А. Федорова. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://yvision.kz/post/694905>.
- 16 Почему казахи отдавали детей родственникам и еще 4 устаревшие традиции [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://weproject.media/articles/detail/bala-beru-i-amengerstvo-kazakhskie-traditsii-kotorye-slozhno-predstavit-v-sovremen-nom-obshchestve/>.
- 17 Воспитание детей у казахских семей [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://zhastar-07.kz/ru/archives/8935>.
- 18 Давлетова А.Д. Ориентировка личности в психологическом пространстве родительской семьи (на материале исследования казахской семьи) / А.Д. Давлетова. — М., 2003. — 260 с.
- 19 Казахские обычаи, связанные с рождением ребенка. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://tourstokazakhstan.com/ru/blog/kazaxskaya-kultura/kazaxskie-obychai-rozhdeniya-rebenka.html>.
- 20 Усадова Е. Обрядовое сопровождение рождения, первичной социализации и смерти у казахов и алтайцев / Е. Усадова. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/obryadovoe-soprovozhdenie-rozhdeniya-pervichnoy-sotsializatsii-i-smerti-u-kazahov-i-altaytsev/viewer>.
- 21 Задирако В. 10 казахских традиций / В. Задирако. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://catch.today/dajdzest/10-kazahskih-tradicij>.
- 22 Традиции и обычаи казахского народа [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://kazakhstanlife.ru/tradicii-i-obychai-kazahskogo-naroda>.
- 23 Токымқағар (проводы) [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://toibiznes.kz/ru/articles/tradition/tokimkagar>.

Т.А. Резвушкина, Б.И. Кәріпбаев

Қазақ мәдениетіндегі ана бейнесі: балаларды әлеуметтендірудің дәстүрлі тәжірибелері

Мақалада ананың қазақ мәдениетіндегі мәртебесі мен рөлі және салт-дәстүрдің осыған қатысты әсері қарастырылған. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар ана тәжірибесінің алуан түрлілігін және балалардың әртүрлі мәдениеттерде әлеуметтену ерекшеліктерін көрсетеді. Авторлар заманауи қазақ әйел-аналарының, қалалық орта тап өкілдерінің балаларды әлеуметтендіретін, яғни «ат қою», «шілдехана», «бесікке салу», «қырқынан шығару», «тұсау кесу», «сүңдет той», «тілашар», «тоқымқағар» сияқты дәстүрлі тәжірибеге деген көзқарасын, қаншалықты ұстанатыны жайлы қарастырған. Қазақ халқының ұлттық тәрбие жүйесінің негізгі бағыттары: үлкендерді сыйлау, ата-бабаларды құрметтеу, аға буын өкілдеріне қамқорлық жасау, балаларға ақылға қонымды үйлесімде сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсету (бала өміріндегі әртүрлі кезеңдерге байланысты отбасылық дәстүрлер). Көптеген салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар тәрбие берудің жазылмаған заңдары отбасының өзіндік моральдық кодексі болып табылады. Оларда балаларды отбасында тәрбиелеудің ғасырлық тәжірибесі қалыптасқан. Егер отбасында ата-анасы балаға жеке үлгі боп, оның ұстанымы мен ойына қолдау білдірмесе, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, мақал-мәтелдер, ертегілер өз бетінше тәрбиелік әсерін бермейді. Қазақ отбасындағы мәдени дәстүрлер, салт-жоралар, әдет-ғұрыптар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әлеуметтенудің адамгершілік шеңбері болып табылады. Мақаланың мақсаты — қазақ әйелдерінің, қалалық орта таптың өкілдерінің балаларды әлеуметтендірудің дәстүрлі тәжірибелерін қолдануын талдау. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы дәстүрлі тәжірибені қолдану мәселелері. Мұнда қалалық өмір жағдайларына байланысты көбінесе тәжірибелі түрде дәстүрді пайдалануға мүмкіндік берілмейді және бұл әйелдер мен аналар тарапынан маңызды/маңызды емес, қажет/қажет емес деген бағалауды тудырады. Бұл зерттеудің құндылығы қалалық қазақ отбасыларында бала тәрбиелеудегі сақталған және жаңғыртылатын дәстүрлер мен салттарды талдаудан тұрады. Кейбір рәсімдер өзгерді, бұрынғы мағынасын жоғалтты, бірақ олар әлі де сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті. Осы зерттеуде баланы тәрбиелеу және қалалық қазақ отбасында ана болуды жүзеге асыру мәселелерінде дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтау мәселесін ашып көрсету. Жүргізілген зерттеуде балаларды әлеуметтендірудің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жаңғырту арқылы қалалық отбасыларында қазақ халқының ұлттық бірегейленуі мен өзіндік ерекшелігін сақтау үрдісі байқалатынын көрсетті.

Кілт сөздер: қазақ мәдениеті, салт-дәстүр, ана болу, бала, әлеуметтендіру, дәстүрлік тәжірибелер.

Т.А. Rezvushkina, B.I. Karipbaev

Representation of motherhood in Kazakh culture: traditional practices of socialization of children

The article examines the status and role of the mother in Kazakh culture and the influence of traditions on its functioning. Social sciences ascertain a wide variety of maternal practices and characteristics of the socialization of children in different cultures. In this article, we will consider the attitude of modern Kazakh women-mothers, representatives of the urban middle class to the observance of such traditional practices of socialization of children as «at koyu», «shildekhana», «besikke salu», «kyrkynan shykaru», «tusau kesu», «toy», «» tilashar «» togym kaqar «. The main directions of the Kazakh folk system of upbringing are: respect for elders, reverence for ancestors, care for representatives of the older generation, manifestation of love and care in a reasonable combination with exactingness towards children (family traditions associated with various stages in a child's life). Many customs, traditions, rituals of the Kazakh people are the unwritten laws of upbringing, a kind of moral code of the family, they crystallized the centuries-old experience of raising children in a family. Customs and traditions, rituals, proverbs, sayings, fairy tales do not have an educational effect on their own, but on condition that the parents by personal example in the family observe and support the principles and ideas expressed in them. Cultural traditions, rituals, customs in the Kazakh family are reproduced from generation to generation and are the moral framework of socialization. The purpose of this article is to analyze the use of traditional practices of socialization of children by Kazakh women-mothers, representatives of the urban middle class. The scientific significance of the work lies in the problematization of the use of traditional practices, when the conditions of urban life often do not allow the use of these practices and this causes the assessment of these practices by women-mothers as important / not important, necessary / unnecessary. The value of this study lies in the analysis of the traditions and rituals of raising children that have been preserved and reproduced in urban Kazakh families. Some rituals have changed, lost their former meaning, but have still survived to this day. In our study, we wanted to reveal the issue of preserving traditions and customs in matters of raising a child and implementing motherhood in an urban Kazakh family. The study showed that there is a tendency to preserve the national identity and identity of the Kazakh people in urban families through the reproduction of the traditions and customs of the socialization of children.

Keywords: kazakh culture, traditions, motherhood, children, socialization.

References

- 1 Tikhonovskaya, G.S., & Saparova, Yu.A. Konstantnost i transformatsiia kazakhskikh narodnykh obriadovykh traditsii [Constancy and transformation of Kazakh folk ritual traditions.]. Retrieved from: <https://cyberleninka.ru/article/n/konstantnost-i-transformatsiya-kazahskikh-narodnykh-obryadovykh-traditsiy/viewer> [in Russian].
- 2 Avtzhanova, A.B., & Kornilko, I.A. Vospitatelnaya rol semeinykh traditsii i obychev kazakhov [Educational role of family traditions and customs of Kazakhs.]. Retrieved from: <https://cyberleninka.ru/article/n/vospitatelnaya-rol-semeinykh-traditsiy-i-obychev-kazahov/viewer> [in Russian].
- 3 Ozhegov, S.I., & Shvedova, N.Yu. Tolkovy slovar. 1949–1992. [Explanatory Dictionary]. Retrieved from: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ogegova/104214> [in Russian].
- 4 Filippova, G.G. (2002). Psikhologiya materinstva: uchebnoe posobie [Psychology of motherhood: a textbook]. — Moscow: Izdatelstvo Instituta psikhoterapii, 240 p. Retrieved from: https://www.e-reading-lib.com/bookreader.php/111651/Psihologiya_materinstva.pdf [in Russian].
- 5 Batuyev, A.S. (1996). Psikhofiziologicheskaya priroda dominanty materinstva / Psikhologiya segodnya [Psychophysiological nature of the dominant of motherhood / Psychology today.] Yezhegodnik Rossiiskoi psikhologicheskogo obshchestva [in Russian].
- 6 Badinter, E. Konflikt: zhenshchina i mat [Conflict: woman and mother.]. Retrieved from: http://www.bookgeek.ru/2017/06/blog-post_11.html [in Russian].
- 7 Yemel'yanova, G.N. Materinstvo kak sotsialnyi fenomen [Motherhood as a social phenomenon.]. Retrieved from: <https://sev-sscencentr.nethouse.ru/articles/321587> [in Russian].
- 8 Stasevich, I.V. (2011). Sotsialnyi status zhenshchiny u kazakhov: traditsii i sovremennost [Social status of women among Kazakhs: traditions and modernity.]. — Saint Petersburg: Nauka [in Russian].
- 9 Sharmanova, T.Sh., & Atchabarova, B.A. (1978). Ocherki po istorii narodnoi meditsiny Kazakhstana [Essays on the history of folk medicine in Kazakhstan]. Alma-Ata: NII Kraevoi patologii Minzdrava KazSSR [in Russian].
- 10 Shakhanova, N. (1998). Mir traditsionnoi kultury kazakhov (etnograficheskie ocherki) [The world of traditional culture of Kazakhs (ethnographic essays)]. Almaty: Kazakhstan [in Russian].
- 11 Sologub, L.G. Materinstvo kak sotsialnyi institut [Motherhood as a social institution.]. Retrieved from: <https://www.dissercat.com/content/materinstvo-kak-sotsialnyi-institut> [in Russian].
- 12 Kabakova, M. Tsennosti i traditsii sovremennoi kazakhskoi semi [Values and traditions of the modern Kazakh family.]. Retrieved from: <https://e-history.kz/ru/contents/view/440> [in Russian].
- 13 Psikhologicheskie osobennosti kazakhskoi semi (2018). [Psychological features of the Kazakh family.]. — Almaty: Kazak, universiteti, 240 [in Russian].
- 14 Shalginbaveva, S.Kh. (2002). Semeinve traditsii i sotsiokulturnyi oblik kazakhov gorodov Almaty i Taraza (etnosotsiologicheskoe issledovanie) [Family traditions and socio-cultural image of Kazakhs in the cities of Almaty and Taraz (ethnosociological research)]. — Almaty, 210 [in Russian].
- 15 Fedorova, A. Kazakhskii obychai otdavai perventsa i yego vliyaniye na psikhiku rebenka [Kazakh custom of giving the first-born and its influence on the child's psyche.]. Retrieved from: <https://yvision.kz/post/694905> [in Russian].
- 16 Pochemu kazakhi otdavali detei rodstvennikam i yeshche 4 ustarevshie traditsii [Why Kazakhs gave children to relatives and 4 more outdated traditions.]. Retrieved from: <https://weproject.media/articles/detail/bala-beru-i-amengerstvo-kazahskie-traditsii-kotorye-slozhno-predstavit-v-sovremennom-obshchestve/> [in Russian].
- 17 Vospitanie detei u kazakhskikh semei [Raising children in Kazakh families.]. Retrieved from: <http://zhastar-07.kz/ru/archives/8935> [in Russian].
- 18 Davletova, A.D. (2003). Orientirovka lichnosti v psikhologicheskoy prostranstve roditelskoy semi (na materiale issledovaniya kazakhskoy semi) [Personality orientation in the psychological space of the parental family (based on the study of the Kazakh family)]. Moscow, 260 [in Russian].
- 19 Kazakhskie obychai, svyazannye s rozhdeniem rebenka [Kazakh customs associated with the birth of a child.]. Retrieved from: <https://tourstokazakhstan.com/ru/blog/kazaxskaya-kultura/kazaxskie-obychai-rozhdeniya-rebenka.html> [in Russian].
- 20 Usadova, Ye. Obriadovoe soprovozhdenie rozhdeniya, pervichnoi sotsializatsii i smerti u kazakhov i altaitsev [Ritual accompaniment of birth, primary socialization and death among Kazakhs and Altai.]. Retrieved from: <https://cyberleninka.ru/article/n/obriadovoe-soprovozhdenie-rozhdeniya-pervichnoy-sotsializatsii-i-smerti-u-kazahov-i-altaitsev/viewer> [in Russian].
- 21 Zadirako, V. 10 kazakhskikh traditsii [10 Kazakh traditions.]. Retrieved from: <https://catch.today/dajdzest/10-kazahskih-tradicij> [in Russian].
- 22 Traditsii i obychai kazakhskogo naroda [Traditions and customs of the Kazakh people.]. Retrieved from: <https://kazakhstanlife.ru/tradicii-i-obychai-kazahskogo-naroda> [in Russian].
- 23 Tokymkagar (provody) [Wires.]. Retrieved from: <https://toibiznes.kz/ru/articles/tradition/tokimkagar> [in Russian].

А. Сағиқызы^{*1}, М. Шүршітбай², Д.М. Жаңабаева¹

¹Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

²С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан
(E-mail: ayazhan@list.ru, shurshutbai_maira@mail.ru, dinara.jan@bk.ru)

Қазақ мәдениетіндегі ізгілік-этикалық тәрбие мәселесі

Кез келген қоғамда ізгілікті-этикалық тәрбие мәселесі маңызды міндеттердің қатарында. Мұндай тәрбиенің негізіне ұлттық мәдениеттің бойындағы рухани құндылықтарды жатқызамыз. Мақалада қазақ мәдениетіндегі ізгілікті-этикалық тәрбиенің негізі философиялық тұрғыдан пайымдалған. Авторлар ізгілікті-этикалық тәрбиенің мәнін ашу үшін халықтың тарихи-мәдени тамырына, салт-дәстүріне, рухани құндылықтарына тоқталған. Тәрбие — адам мен қоғамды жетілдіріп, кемелдендіре түсетін бірден-бір құрал. Адам мәдениет әлемін игерген сайын түрлі идеялар мен идеалды, тіл мен тәртіп, әдеп қағидаларын қабылдай бастайды. Білім, ізгілік, зияткерлік қасиет, рухани құндылықтар — адамның қоғамдағы өз орнын табудың кепілі. Сонымен қатар, тәрбие мәселесі терең қарастырылған, тұлғаның ізгілігі мен этикасының, идеалының қалыптасуының астарында білім екендігін меңзеген халық ағартушылары мен Алаш зиялыларының еңбектеріне шолу жасалған.

Кілт сөздер: мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие, дүниетаным, этика, ізгілік, құндылықтар, руханият.

Кіріспе

Қазақ халқының рухани бай мұрасы, этикалық құндылықтарға толы философиялық ойлары оның әлемдік тарих сахнасындағы біртұтас феномен ретінде қалыптасуына ықпал етті. Қоғамның құндылықты және ізгілікті саласы өзге салаларға қарағанда әлдеқайда маңыздылыққа ие. Бұл қазақ қоғамының этикалық компоненті күнделікті өмірге үйлесімді енгенін көрсетеді. Этиканың ең басты нысаны мораль болғанымен, ол мораль арқылы тұлғаның тәртібін моральдық реттеумен байланысты өзге де спецификалық, философиялық ғылыми бағыттарды қамтиды. Соның ішінде болашақ ұрпақ тәрбиесі уақыт созыруға болмайтын, ертеңін күтпейтін өзекті мәселе. Әр кезеңде де қоғам алдында тамыры да, жүрегі де елім деп соғып, халқының ділі мен мәдениетін, тарихы мен салт дәстүрін бойына дарыта білген, туған жерін түлетіп, егемен елінің еңсесін биік көтеруді өзінің міндетті парызы санайтын ұрпақ тәрбиелеу мәселесі тұрды. Тәрбиенің негізгі аспектісі тәрбиенің өзге түрлеріне қатысты интеграциялық функцияны атқаратын ізгілікті тәрбие болып табылады, себебі ізгілік қоғамдық ұстанымының мәнін көрсетеді.

М. Жұмабаев тәрбиедегі басты мақсат — баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару екендігін алға тартады. Әр тәрбиешінің қолданатын жолы — ұлт тәрбиесі болғандықтан, ұлтын сүйген адам өз ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылатындығын жеткізіп, жан тебіренісі, ұлттық тәлім-тәрбие мектебінің мұрасы арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің негізгі міндетіне айналып отырғанын көрсетеді [1; 8].

Зерттеу әдістері

Қазақ мәдениетіндегі ізгілікті-этикалық тәрбие мәселесін зерттеуде авторлар философиялық еңбектердің теориялық талдауына шолу жасады. Бұл әдіс ізгілікті-этикалық тәрбие құндылықтарының сипатын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылымда кеңінен қолданылатын тарихилық пен объективтілік, нақтылық пен логикалық, мәдени-философиялық ғылыми әдістері арқылы қазақ мәдениетіндегі ізгілікті-этикалық тәрбие мәселесі құндылықтық тұрғыдан бағаланып, жүйелі зерделенді. Қалыптасқан ғылыми дәстүрлерді тарихилық тұрғыдан зерделеу арқылы оларға баға берудің маңызды шарты анықталады. Аталмыш мәселенің отандық тарихнамасына шолу арқылы қазақ мәдениетіндегі ізгілікті-этикалық мәселесін кешенді зерттеу қажеттілігі айқындалды.

**Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ayazhan@list.ru (А. Сағиқызы)*

Мәселені талқылау

Халықтың ауыз әдебиетінде, халықтың салт-дәстүрлерінде, балалар ойындарында сақталып келген халықтық тәрбие — халық ділін байыту жолындағы іздену, тану процестерін қамтамасыз етудің ғылыми нысанасы болып табылатындығы айқын. Бүгінгі таңда қазақы сарында тәрбие беру жолында сал-серілік дәстүр арқылы тәрбие берудің ұлттық сананы қалыптастыруға, эстетикалық тұрғыдан жетілдіру басымдылығын қамтамасыз ету де өзіндік маңыздылыққа ие. Себебі сал-серілікте этномәдени тәрбие берудің өзіндік бір құралы болып табылады. Олардың шығармашылығында шындықты тайсалмай жеткізу, барлық өлеңдерінде адамға деген сүйіспеншілік идеясы жатыр [2; 72]. Сал-серілердің тіпті жүріс-тұрыстарында көзге ерсі көрінетін әрекет, қылықтар болмаған. Олардың бойында алғырлық, кербездік, жомарттық, намысшылдық, сыпайылық қасиеттері тоғыса отырып, ойын-сауық өнерін көркемдік сипатта халыққа жеткізу арқылы, ұлт мүддесі мен халық игілігін биікке көтеріп отырды. Жалпы салт-дәстүрлер, өмірлік тәжірибені, халық даналығын қалыптастырып қана қоймай, ақыл-ой мен рухани сабақтасты жетілдіре түседі. Сал-серілік сияқты қазақы салт-дәстүрлер қалыптасқан әдеп пен астарлы сынның сабақтары болып табылады. Мұны игергендер сауық-сайраннан өзге, әр нәрсенің шегін, өлшемін іздестіріп, төзімділік пен сабырлыққа, келісім мен ымырашылдыққа ұмтылады.

Сонымен қатар, қазақ дүниетанымында *тектілік* этикалық категория ретінде тұлғалық сананың деңгейіндегі ерекше қасиеттің үлгісі және қазақы тәрбиенің бірден-бір негізі болып табылады. Тектілік феномені тек қан арқылы берілетін биологиялық қасиет қана емес, бұл ұрпаққа ата-бабалары арқылы жетіп отыратын дүниетанымдық, ділдік, психологиялық бейімділіктер. Оның нақты көріністері ата-баба рухына тағзым ету, ата-ана алдындағы парыздарды орындау, үлкенді құрмет тұту, кішіге ізеті, болашақ ана ретінде қызды мәпелеп өсіру және т.б. арқылы аңғарылады. Ұлт дүниетанымындағы аталмыш категорияның құндылығы туыстық қатынастар жүйесіндегі адами қарым-қатынас мүдделерінің кеңінен ашылуында. Бұл тұлғаның бойына терең түсінікпен қатар биік рухты да дарытады. Санасы қазақтың дархан даласына деген иелігін сезініп, салт-дәстүрді құрметтеп, елім деп елжіреп өскен ұрпақ қана сын сәттерде ел мүддесі үшін кеудесін тосып, қорғап шығары айқын. Ұлы Қытай ойшылы Конфуций «текті адам» тек этникалық ұғым ғана емес, ол саяси-мәдени ұғым екендігін алға тартты. Ол халықты басқарады, ал басқарудың негізгі қайнар көзі — басшының өз басының әдептілік қасиеттерін өзінен төмен тұрғандарға мысалдар арқылы паш ете білу. Конфуцийдің бұл идеясының өзектілігі бар. Текті адаммен қатар, текті әулеттерді қалыптастыру ізгілікті қоғамның басты шарты деуге болады, ол — ұлттық руханияттың нағыз алтын арнасы. Ұлттық руханияттың қасиеттері қоғамда да, жеке адамдардың да бойынан көрініс табады. Ізгілікке, рақымшылыққа талпыну қабілеті барлық адамның бойында болғанымен, туа біткен қасиет емес. Оған адамдар тәрбие мен білім арқылы келеді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров тектілік феноменін халықтық ұғыммен өлшей отырып, адам бойындағы тектілік қасиетін сақтап, одан әрі насихаттайтын ұлттық тәрбие екендігін көрсете, былай дейді:

Ерікті ен даланың құсынша ұшып,
Ержеттім кеңшіліктің сүтін ішіп.
Алтай, Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық,
Арасын қоныс қылдым ірге жайып.
Елім, жерім, қорғайтын ерім болып,
Ер жеттім ен далада лықа байып [3; 45].

Дәстүр сабақтастығының көрінісі және әлеуметтік ортадағы тектілікке негізделген гармонияны орнату талабы қазақ қоғамын ілгері дамытуға, жоғары ізгілікті қалыптастыруға ықпал ететін тұлғалық қасиеттерді биік бағалауға бейімдеді. Әл-Фарабиден бастап Абайға дейінгі ұлы тұлғалардың, кейіннен Алаш зиялыларының ізгілікті тәрбие төңірегіндегі өрелі пайымдарында ұлттың тарихы мен мәдениетіне, рухани құндылықтарына негізделген тұлға болмысын қалыптастыруға ерекше назар аударғаны белгілі. Бұл қазіргі таңда да өз өзектілігін жойған емес. Неміс философы Карл Ясперстің адамның миы ақпараттар толқынын көп сіңірген сайын оның қабылдауы, керісінше, әлсірей түсетіндігін тұжырымдаған еді. Аталмыш тұжырым заманауи әлемнің шынайылығына айналып отыр. Қазақтың рухани әлемінде ұрпақ санасының қабылдау деңгейі мен зейін қоя білу қабілетіне аса назар аударуының себебі адамзаттың келешегі адамның рухына келіп тоғысатындығы. Өйткені адамның рухани дүниесінің қалыптасуының астарында оның мәдениетінің

түптамасы, ұлттық тәрбиесі, өмір сүру тәжірибесі жатыр. Қоғамның берік дамуы адамның қабілеттері мен жоғары қасиеттеріне, тәрбиесіне байланысты болып келіп, сол арқылы көрініс табатын құндылықтар арқылы сақталып отыратындықтан қазақ руханиятында тектілікке үлкен мән берілген болатын. Ал қоғамның, керісінше, рухани деградацияға ұшырауының астарында тұлғаның табиғи болмысынан айырылуы жатады. Осы себептен оның бойындағы танымын, тәлімі мен тәрбиесін, мәдени өрісін паш ету арқылы рухани негізін сақтап қалу ел алдындағы маңызды мәселе болып қала бермек.

Ізгіліктік-этикалық нормалар арқылы кез келген ұлттың зиялы өмір сүруінің мәнін айқындауға болады. Қазақ халқының рухани өрісін құрып, кеңейтіп отыратын ұлттық дәстүрдің, ақын-жыраулардың ауыз екі шығармаларының тәрбиелік әлеуеті зор. Қазақы дәстүр ұрпақтың ізгілікті тәрбиесі саласында, тұлғаның рухани тұрғыдан өзін-өзі жетілдірілуі, кемелденуі мәселесінде өзінің сабақтастығымен ерекшеленіп келді. Өйткені халықтың дәстүрі, ауызекі шығармашылығы ұрпақтар байланысындағы өзара құрал бола отырып, руханият пен ізгіліктің өзіндік институты, ұлттық тәрбиенің тірегіне, ұлт өмірінің энциклопедиясына айналып, ұрпақтың рухани-ізгіліктік тұрғыдан қалыптасуына, оның бойына қоғамның дәстүрлі құндылықтың сіңісуіне үлкен ықпал етті. Рухани мәдениет қашан да әр жеке адамның ішкі көрінісінің, рухани құндылықтарды қалыптастырып, сақтаудың формасының сипаты болып табылатындықтан, рухани-ізгіліктік және құндылықтық сананы қалыптастырудағы әлеуеті жоғары. Академик Ә.Н. Нысанбаев қазақ халқының көптеген ойшылдары өз шығармашылықтарында рухани-ізгіліктік құндылықтарға үлкен мән бере отырып, олардың идеясы ХХІ ғасырдағы ұлттық мәдениет пен руханияттың қайта жаңғыруының қайнар көзіне айналғандығын атап өтеді [4; 49].

Ұлттық болмысқа деген құштарлық, ұлттық салт-дәстүр, тіл мен мәдениетті қалыптастыруға деген ықылас, ұлт қасиетін игеруге деген талпыныс ұлтжандылыққа лайық ізгі қасиет болып табылады. Ал ұлтжандылық рухани орталықты, рухани қолдауды қажет етеді. Бұл қасиет арқылы халықтың қажеттілігі мен құндылықтары құнтталып, оны қадір тұтуға талпыныс оянады, сонымен қатар, оның астарында ұлтына жанашырлық танытып, ортасына жақсылық пен сүйіспеншілігін танытатын мінез-құлықты тәрбиелеу мәні жатыр. Ұлтжанды тұлғаның әлеуметтік қасиеті, өресі де биік болады. Тұлға өз бойындағы жан мен тән үйлесімділігін ұлттық рух желісіне бағыттай алады, ұлттық мұрат-мүдде жолында тайынбайды және де қоғамды, өз қоршаған ортасын ар-намысы мен ұяты арқылы бағалайды.

Қазақ халқының ізгіліктік-этикалық тәрбиесі қазақ жыраулары тарапынан да жырланып, тәлімдік көзқарастарының насихатталуы ешқашан да үзілген емес. XV ғасырда өмір сүрген Шалкиіз жырау:

Жақсының жақсылығы сол болар,
Жасанмен бас қосып, сөйлемекке ар етер;
Жаманның жамандығы сол болар.
Сөйлесе дәйім бетін қара етер;
Бір жақсыға басын қосып сөз айтсаң,
Сол жаман сырыңды сақтамай,

Әрдайым дұшпаныңа әр ісінді қор етер, – деп жаман мен жақсының аражігін адами ізгіліктік тұрғысынан ажыратып, көрсетіп береді.

Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса,
Қоңқалаған көп жаман, сол жақсыны көре алмас.
Қиын қыстау кез келсе, бағанағы жақсысын,

Қос арғымағын қолға алып, күнінде іздесе де таба алмас, – деп қазақ қоғамының бүгінгі күнде де өзекті болып отырған мәселесін көтереді. Осылайша, адамның бойындағы рухани тазалық пен кеңпейілділікті қалыптастыру тәлімдік өсиет екендігін жырлайды [5; 82]. Жақсылық мен жамандық ұғымы дүниетанымдық ұғымдар қатарына жатады. Бұл ұғымдардың жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне деген тікелей қатынасы бар, олар арқылы тұлғаның ізгілікті мұрат, моральдық ұстанымдар туралы түсініктері жүзеге асырылады.

Ұлттық дүниетанымда ізгіліктік-этикалық тәрбие жүйесінің маңыздылығы зор. Батыста рационалды ғылымға, ал Шығыста жантану мәселесіне басымдық берілсе, қазақ даласында «адам болу» ұстанымы қашанда бірінші қатарда болды. Сондықтан қазақ дүниетанымында имандылық, ар мен ұят, обал мен сауап, жақсылық, игі істер, құт пен бақыт әдеп пен адамгершілік белгісін беретін негізгі этикалық ұғымдар ретінде жүрді.

Ұлттың ой-өрісі мен рухани құндылығын, тәлімі мен тәрбиесі, даналығын сипаттауда сөз өнерінің, соның ішінде мақал-мәтелдердің де рөлі ерекше. Кез келген халықтың рухани мұрасы ізгі тәрбие турасындағы құнды идеялар мен тәжірибеден тұрады. Осы орайда қазақ халқының ауызекі шығармашылығы тәрбие үрдісінің рухани өрісін толықтыра түсетін қайнаркөз болып табылады. Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келген ауыз әдебиетінің құнды мұралары, өнеге үлгілері ізгі тәрбие берудің мүмкіндіктерінің мәні зор екендігін дәлелдеп берді. Академик Д. Кішібеков қазақ халқында нақты жүйеленген философия жоқ, оның философиясы қарапайым философия дәстүрінде екендігін пайымдайды. Біздің мақал-мәтелдеріміздің өзі-ақ тұнып тұрған философия. Мақал-мәтелдердің идеялық мағынасы адам бойындағы адамгершілік, ізгілікті қасиеттерді оятып, отансүйгіштікке баулуға бағдарланған [6; 168].

Қазақтың мақал-мәтелдері ізгілікті этикалық құндылықтарымен ерекшеленеді. Оның бойында өзін-өзі ұстаудың, гуманизмнің алтын ережелері, нұсқаулары, білімге жетелейтін тәрбиелік кешен жатыр. Бұл ізгілікті-этикалық қарым қатынасты реттеудің неғұрлым тиімді формасы болып табылады, сонымен қатар, қазақ мәдениетіндегі рухани тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қазына. Олардың бойында моральдық нормалар бекітілген. Халық қашанда ар-намыс, әділеттілік сынды ізгі қасиеттерді жоғары бағалай отырып, ол туралы өз пайымдарын қысқа қанатты сөздер, сөз тіркестері арқылы жеткізіп отырды. Ұлттық тәрбие арнасында «ар», «намыс», «ұят» ұғымдарын үнемі кездестіреміз.

Ежелгі түркілік мақал-мәтелдер халықтың ізгілікке аса мән бергендігінің бірден-бір дәлелі. Халық әрқашан адамның мінез-құлығының өлшемі қандай, ізгілік пен кері пиғылдың бастауы неде жатыр деген сынды сұрақтармен толғанды. «Адам туа жаман емес, жүре жаман» дейтін халық даналығы бойынша саналы ғұмыр адам бойындағы ізгі қасиеттердің ықпалымен жүзеге асырылған қайырымды істердің жиынтығынан тұрады. Бұл жерде адамнан тек данышпан сөздер ғана емес, сәйкес іс-әрекеттер талап етіледі. Ақыл саналы ғұмыр жолындағы шамшырақ екендігін «Ақыл дария, алсаң да таусылмайды» мәтелімен жеткізілген. Сонымен қатар, халық далалығы адамның өзі-өзі жетілдіруге талпынысын жоғары қойып «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп, жан-жақты тәрбиеленудің рөлін көрсетеді. Қазіргі таңда рухани құндылықтар, ізгілік ұғымдары халық даналығы арқылы ауызекі тілде сақталып, жақсы сөздерді жан азығына айналдырды. Ал өсек, мақтаншақтық, сатқындық, жалқаулық қасиеттерін адамзаттың ізгілігіне кереғар әрекеттер ретінде «Жақсымен жолдас болсаң жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа», «Ақымақ күлкіге, жалқау ұйқыға тоймас», «Жемісті ағаш жер бауырлап өседі, жетелі жігіт ел бауырлап өседі», «Еңбек мұратқа жеткізер, жалқаулық абыройды кеткізер», «Тәрбиесі келіскен адам табысты болар, өнер, білім үйреніп, бақыт қонар», «Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей» деген мәтелдерімен жеткізді [7; 172].

Адамның зияткерлік деңгейі оның отбасындағы тәрбиесі мен табиғи жаратылысының мүмкіндіктеріне сүйенеді. Ал оны ары қарай жетілдіріп, шыңдайтын тетіктерге өзара қарым қатынас, білім, ғылым, үнемі өзін жетілдіру жолдары жатады. Мақал-мәтелдер осындай қажеттіліктерді растап отыр. Ізгілікті-этикалық тәрбиеге жол бастайтын парасатты сөздер жамандықтан бойын аулақ ұстап, қайырымдылыққа қадам бастырады, саналы әрекет аясын кеңейтеді. Осындай нақыл сөздер парасаты толысқан тұлғаның жетіле түсуіне негіз бола алады. Ал ол жоғары парасаттылыққа рухани даму арқылы, ақыл ойының аясы кеңейіп, тәрбие деңгейін шыңдай түскенде қол жеткізе алады. Нәтижесінде адам тек ізгі, қайырымды әрекеттерді жүзеге асыруға талпынысы арта түседі.

Қазақстандық ғалым А. Сағиқызының пікірінше, «Қазақ халқы дүниетанымының этикалық сипатын халық аузында тараған мақал-мәтел, даналық сөздердің сипатынан да көруге болады. Адамның жанын таза ұстауы, адамгершілікті жоғары бағалауы, ар-ұжданды өмірден жоғары қоюы мынадай нақыл сөздерден көрінеді: «Малым жанымның, жаным арымның садағасы», «Өлімнен ұят күшті», «Көңілі адалдың көзі тайқымайды». Яғни, бұл нақыл сөздердің барлығы адамның адаммен қатынасының таза, кіршіксіз, адамдыққа негізделуі керектігін білдіреді» [8; 111]. Мақал-мәтелдер фольклордың бір бөлігі ретінде өскелең ұрпақтың бойына ар-ұждан, ұят, намыс сынды адамгершіліктің асыл белгілерін қалыптасырудағы рөлі, тәрбиелік мәні және эстетикалық ықпалы орасан зор. «Ұят жүрген жерде абырой төгілмейді. Абырой бар жерде ар шапаны сөгілмейді», «Адам санасын ар түзейді», «Рух пен намыс — егіз» деп, халық дүниетанымының айнасына айналып отырған нақыл сөздерде этикалық құндылықтар мен ізгіліктік нормалары бекітілген. Густав Густавович Шпет ұлт дүниетанымына қатысты: «Адамның, халықтың, топтың «рухани құрылымы» күнделікті өмірде басқа да нақты тарихи шындықпен үндесіп және басқа да факторлармен

байланысып жатады» деп тұжырымдайды, яғни халықтың қоғамдағы түйткілді мәселелердің әсерінен тауып айтқан ақыл-ой түйіндері, мақал-мәтелдерінде бүтін бір ұлттың саяси, әлеуметтік, рухани-мәдени өмірі, дүниетанымы бейнеленеді [9; 32]. Жақсылық, әділеттілік, достық, махаббат пен зұлымдық, ар, намыс, ұждан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Бұларды адам бойына жастайынан әдептіліктің ережесі етіп қалыптастыру тәрбиеге байланысты болып келеді.

Қазақ дүниетанымының қайнар көзі болып табылатын мақал-мәтел халық даналығынан, оның өмірлік тәжірибесі мен тіршілік бағамын қара сөзбен жеткізетін тұжырым-түйіндердің жиынтығы. Бұл қанатты да ғибратты сөздер арқылы халықтың дүниетанымдық дәрежесі пайымдалып, имандылық, адамгершілік, ізгілік пен мейірімділік, еңбексүйгіштік сынды қасиеттердің негізі айқындалады. «Ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын қысқа фразалар, әдетте құрамында фольклоры бар даналық, ақиқат, моральдық және дәстүрлі көзқарастар жиынтығы» [10; 85] бола отырып, халқымыздың ғибратты тәрбие беретін мектебі мен тәлімгерліктің шежіресі деуге негіз бар. Қазақтың ағартушылық тарихы мен ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған ұлы ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин мақал-мәтелдің қадір-қасиеті турасында:

Біз надан боп өсірдік,
Иектегі сақалды.
«Өнер — жігіт көркі» деп
Ескермедік мақалды...
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,

Сіздерге бердім батамды, –деп [11; 34], мақал-мәтелді өмірді көркемдік тұрғыдан биік тану үлгісі мен ұлттық тәрбиенің бұлағы ретінде келер ұрпаққа өсиет етеді, яғни, халықтың философиялық ойының тарихи негізі болып табылатын сөз саптау дәстүрі ғасырлар бойы дамып, бүгінге жетіп, бойындағы асыл маржандарды сүзіп алу жаңа әлемдегі жаңаша ойлайтын ұрпақтың тәлімдік-тағылымдық жұмыстарына арқау болуы шарт. Мұны ғұлама ғалым, жазушы М. Әуезов те ескеріп, «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті оптимизмді... сол халықтың өткендегі өмірін, аңсау-арманын, әдет-ғұрпын, халықтың ұжымдық тәрбиесінің жемісін көреміз» деп, көркем ойлау үлгісінің жастардың бойындағы ізгілік, ұлтына деген сүйіспеншілік сынды асыл қасиеттерді қалыптастырудағы тәрбиелік мәнін айқын нұсқап берген болатын [12; 218]. Қоғам өмірі бір арнада тұрмайтын өзен секілді үнемі өзгерісте, даму үстінде болады, сол қоғамның өкілдері, оның ұрпақтары да өседі, өнеді, өрбиді, жанарып, жалғасып отырады. Жаһанданумен келген нарықтық техникалық өрлеу аясында мақал-мәтелдер арқылы сол ұрпақтың рухани қасиетін дамытып, толықтырып, сапаландыру, ұлтқа деген сүйіспеншілігін оятып, тәрбиелеу жаңа заманның қағидасына айналуы орынды.

Қазақы дүниетанымдағы ізгілік этикалық тәрбие идеясының дамуында халық ертегілерінің де маңыздылығы бар. Олар руханиятты, ізгіліктің шекарасын көрсете отырып, адам бойындағы мейірімділікті оятып, өз бойына рухани ізгіліктік мұратын жинақтаған. Қазақ халқының ертегілері халықтың ұшқыр қиялынан пайда болған туындылар олардың рухы мен дүниетанымын көрсетіп, қайырымдылық, әділеттілік, мейірім, бақыт, жақсылық пен зұлымдық, ізгілік жайлы ұғымдарын қалыптастыруға ықпал етті. Олардың барлық кейіпкерлері халық арасынан шыққан қарапайым, батыл, қара халыққа деген риясыз көңілдері бар, оларға шексіз қызмет етуге даяр болып келеді.

Адамның қиялына қанат бітірген халықтық шығармалар арқылы ұлттың ой-өрісінің тереңдігін, рухани құндылықтардың басымдығын ар-намыс, ізгі жақсылықтың жоғары үлгісін аңғаруға болады. Ізгіліктік, гуманистік әлеуеті басым ертегілердің тұлғаның ізгі қасиеттерін қалыптастырудағы әлеуеті жоғары. Мысалы, қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды» сияқты эпостық шығармаларында адам бойында үздік ізгі қасиеттер шебер бейнеленген. Ертегідегі халықтың тұрмысы мен тіршілігі, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерді бейнелеу арқылы бойдағы зеректікті, ой ұшқырлығын дамытуға деген ықпалы жоғары.

Жалпы, қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары әдептілік қасиеттеріне тұнып тұр. Ал әдептілік қасиеттері игі әдеттердің рухани және мәдени негізге айналуы арқылы қалыптасады. Тәрбие салт-дәстүрдің басты функцияларының қызметін атқарады. Ұрпақтар тәжірибесі арқылы тұлғаның ізгілікті санасы, әлеуметтік тәртібінің стереотиптері, ізгілік идеялары қалыптасады. Дәстүр үнемі адами қарым-қатынастың жаңа тәжірибесімен толықтырылып отырады. Адамзат тарихынан бері салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар адам санасына моральдық тәжірибені сіңіру құралы болып, тұлғаның

бойындағы имандылық, сауаттылық, қайырымдылық, парыз, ата-текті қастерлеу, қонақжайлылық сияқты ұлттық тәрбие нышандарының мәнін маңыздылай түсті, ал тәрбие негізінен ұлттық дәстүрге сүйене отырып, адамдарға ықпал ету арқылы жүзеге асады. Мұның бірнеше дәйектемелерін келтіруге болады:

- біріншіден, ұлттық дәстүрлер адамдарды халықтың материалдық және рухани құндылықтарымен туыстырады;
- екіншіден, ұлттық дәстүрлер халық зердесіндегі тарихи құндылықтарды жаңғыртады, ұлттық дүниетанымның сипатын ашады;
- үшіншіден, тарихи құндылықтарды жаңғыртумен қатар, ұлттық психологияны да жетілдіре отырып, ұлттық дәстүрлер адамдарды өз халқына, жеріне құрметпен қарауға тәрбиелейді;
- төртіншіден, ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер тәртіпке, парасаттылық пен рухани ізеттілікке тәрбиеленудің жолын салады. Осылайша, салт-дәстүрдің ықпалы адамның дүниеге деген сезімін, мәдени деңгейін көтеріп, іс-әрекеттеріне ықпал ете бастайды, сонымен қатар, адамның дүниетанымдық жүйесінің қалыптасуы мен қоршаған әлеміне деген қатынасын қалыптастырудың құралы болып табылады. Халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы адам болып қалыптасуда, оның ізгілікті, рухани, эстетикалықпен қатар, тіпті физикалық тұрғыдан қалыптасуында, әлеуметтенуінде әрқашан да маңызды рөлді ойнады [13; 72].

Ұлттық құндылықтардың мәні мен мәнісі, алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттер алдындағы біздің мемлекетіміздің мәдени болмысының ерекшелігі, ұлттық сананың арқауы, ұлттық қасиеттерді сақтап қалу мәселелері қазіргі таңдағы біздің көкейімізді мазалайтын өзекті сұрақтар болып табылады. Аталмыш мәселелердің өзегі этика, ізгілік, ұлттық тәрбиемен тамырласып жатыр. Н.А. Бердяев, кез келген теорияны тәжірибелік мақсатта қолданса, оның мәні пайда болады екендігін айтады. Оның пікірінше, этика теориялық болып қана қоймай, тәжірибелік форма арқылы өмірдің ізгілікті тұрғыдан өзгеруіне, құндылықтарды игеріп, құндылықтарды қайда бағалауға ықпал етеді. Этика әлеуметтік тұрмыспен лайланбаған таза ардың мәнін ашып, соның сынына айналуы қажет. Этика — құндылықтар әлемі. Ол құндылықтардың күшін, игілігін паш етеді. Сонымен қатар ол, жақсылық мен жамандық ұғымын онтологиялық күш ретінде қарастырады. Егер жақсылық пен жамандық ұғымы бір-бірінен ажыратылмағанда, теодицея (лат.theodicea «құдайды ақтау», «әділдік») мәселесі, этика мәселесі де туындамайтын еді [14; 14].

Жалпы ізгілік, адамның болмысымен тікелей байланысты болып келеді, оның шынайылығынан туындаған және жүзеге асқан игі, нұрлы қадамдар болып табылады. Адам болмысының рухани аспектісінде жан-жақты дамыған адам — бұл белгілі бір іс-әрекетті немесе ойлау жүйесін меңгерген адам емес, ең бастысы жақсылық пен әсемдікті терең сезінетін адам. Философ В.И. Ротницкийдің пайымдауынша, сәби кішкентай күнінде өндірістік немесе саяси қызметке әлі араласа қоймағандықтан, оның іс-әрекетінің барлығы адамгершілік пен ізгілікке негізделген табиғи қалпында болады. Бала осылайша, жоғары сатыдан, адамгершіліктен бастайды, бұл жалпыға ортақ адами мәннің императиві болып табылады. Мектепке дейінгі бала үшін ізгілік — оның субъектілігінің, адами біртұтастығының, тұлғалығының бастапқы формасы болып табылады [15; 293].

Кез келген мәдениетті терең ұғыну үшін ізгілік мәселесі өте маңызды, себебі екі арнаның ортасындағы байланыс өте тығыз болып келеді. Мәдениеттің маңызды бөлігі және оны игерудегі мақсат, жеке тұлғаны мәдени үрдіске ендіріп, оның ізгілік, әділдік ережелерін игеруін қамтамасыз етуден тұрады. Ізгілік — бұл адамның жеке басының тәртібін ретке келтіретін қайырымдылық, тәртіп, намысшылдық, еңбекқорлық сынды қасиеттерді біріктіретін сипат. Бұл қасиет адам болмысын адамгершілікке, рухани тазаруы мен азаттыққа ұмтылуына итермелейді. Рухани адамгершілік ар мен ұяттан, имандылық пен парасаттылықтан және т.б. мәндік құндылықтардан бастау алып, осы қасиеттер арқылы келбеттене түседі.

Қазақ халқының болмыс-бітімі, рухын терең сезінген ел асылдары кем емес. Осы орайда ұлы Абайдың ізгілікті-этикалық қағидалары мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру төңірегіндегі идеялары екі ғасырға жуық уақыт өтсе де өзектілігін жоймай отыр. Ол өзінің этикалық мұратын, жас ұрпаққа тәрбиелік үндеуін «Адам бол!» формуласы арқылы жеткізіп берді. Оның мәні бұл өмірдегі адамның бағдарына, рөліне жоғары баға беруден тұрады. Абайдың ұғымына сәйкес, адам өз бойында ақыл мен адамгершілікті, еңбекқорлық пен білімді, достық пен сүйіспеншілік қатынасты үйлесімді ұштастыра білуі керек. Өзінің шығармашылығы арқылы жаңаша ойлау жүйесінің, дүниетаным мен құндылықтардың, этикалық мұраттар мен болмыстық ұстанымдардың қажет екендігін көрсетіп берді.

Абай адамгершілік құндылықтарға үстіртін қарағандарды қатаң сынға алды. Әсіресе, білімге деген прагматикалық қатынасты сынай отырып, жастарды білімге тек билікке қол жеткізіп, халықты қанау үшін емес, рухани жетіліп, өсу үшін ұмтылуды көздеу қажеттігін алға тартты. Дүниені терең танып, ұғыну үшін оны кез келген тұлға жүрегімен қабылдап, ақыл елегінен өткізіп, білімнің барлық қайнаркөздерінен сусындап, үлгі тұтуға тұрарлық мәдениеттерден үйренген кезде ғана мүмкін. Абай төмендегі өлең жолдары арқылы, адамның ішкі жан дүниесіндегі рухани тәртіпті жат қылықтан айқын ажыратып, көрсетіп беріп тұр:

Жүректе қайрат болмаса,
 Ұйықтаған ойды кім түртпек?
 Ақылға сәуле қонбаса,
 Хайуанша жүріп күнелтпек [16; 67].

Ғұлама, жас ұрпақтың дамуына қажетті рухани қажеттіліктер мен жат және жалған өмірлік бағдарларға нұсқай отырып, жақсылықты ту еткен адамның болашағы да жарқын екендігін пайымдайды. Әр адамның басындағы ақыл мен сананың, зерденің қуатын сүйіспеншілікпен, әлемге деген рухани қатынаспен ұштастыра отырып, жүзеге асыру қажеттілігін былайша жеткізеді:

Болмасаң да, ұқсап бақ,
 Бір ғалымды көрсеңіз,
 Ондай болмақ қайда деп,
 айтпа ғылым сүйсеңіз.
 Сізге ғылым кім берер,
 Жанбай жатып сөнсеңіз?
 Дүние де өзі, мал да өзі,
 Ғылымға көңіл бөлсеңіз,
 Білгендердің сөзіне
 Махаббатпен ерсеңіз
 Ақыл сенбей сенбеңіз
 Бір іске кез келсеңіз [16; 58].

Бұл тұста ойшылдың меңзеп отырғаны, гуманистік идеясы — кез келген адам бойындағы дарыны мен қабілетін өз өмірінде неғұрлым дұрыс пайдаланып, дамытып отыруы қажет, «сөнбес» үшін білім мен ғылымын жетілдіріп, қадірін ұғына білуі шарт. Егер бұл жолдан тайып, алыстаған сайын келер ұрпақтың тұрпайы сананың қақпанына түсіп қалуы мүмкін екендігін жеткізді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қоғамды ізгілікке баулу ХХІ ғасырдағы өркениетті тұрғыдан даму талаптарының бірі бола отырып, әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді тетіктеріне қол жеткізуге байланысты болып келеді. Осындай қарым-қатынас аясында адам әлемнің тұтқасы ретінде айқындалады. Заманауи қоғамда халықтың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген ықылас пен сүйіспеншілікті адам бойына тәрбие арқылы сіңіру мәселесі күн санап өзектіленуде. Рухани құндылықтарды ардақтай білетін, алдына қойған мақсатына қол жеткізу үшін ақылы мен қайратын серік қыла білетін өресі биік ел азаматтарының қатарын арттыруды төл мәдениеттің қазынасы арқылы жүзеге асыру өркениеттілікке жетелейтін бірден-бір жол. Тәрбие мен білімді ұштастыра білген қоғам ғана кез келген органы рухани терең дағдарыстан алып шығады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы арқылы жүзеге асырылатын «Қазақстанның тұрақты даму стратегиясы контекстінде қоғамның мәдениеті мен құндылықтарын зерттеу» атты жобасы шеңберінде орындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 160 б.
- 2 Сағындықұлы Қ. Елеулі есімдер, бағалы басылымдар / Қ. Сағындықұлы. — Алматы: Информ-А, 2001. — 398 б.
- 3 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-ші т. / С. Торайғыров. — Алматы: Ғылым, 1993. — 280 б.
- 4 Нысанбаев А. Становление исламской философии в Казахстане / А. Нысанбаев. — Алматы: ИФПР, 2000. — С. 167.
- 5 Бес ғасыр жырлайды [Екі томдық]. — Алматы: Жазушы, 1989. — 248 б.

- 6 Кішібеков Д. Философия / Д. Кішібеков, Ү. Сыдықов. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. — 344 б.
- 7 Мусаева Н.Р. Қазақ мақал-мәтелдерінің интеллектуалдық және тәрбиелік қуаты / Н.Р. Мусаева, А.Е. Есимова, Р.А. Мусаев. // ҚазҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. — 2017. — № 4 (62). — Б. 172.
- 8 Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: әлеуметтік-мәдени негіздер: моногр. / А. Сағиқызы. / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. — Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. — 292 б.
- 9 Шпет Г.Г. Введение в этническую психологию. — 2-е изд., доп. / Г.Г. Шпет. — М.: ЛКИ, 2010. — 160 с.
- 10 Rui, J.B. Soares From «Paremiology to Paremiology». Tavira, Portugal: AIP-IAP, 2012. 162 p.
- 11 Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар / Ы. Алтынсарин. — Алматы: Атамұра, 2006. — 168 б.
- 12 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Қазақша және орысша жазылған зерттеулер, мақалалар / М. Әуезов. Алматы: ҚМКӘБ, 1959. — 480 б.
- 13 Елікбаев Н.Е. Ұлттың дәстүрі мен салты — тәрбиенің өзегі. / Н.Е. Елікбаев. // Адам және дәстүр әлемі. Н.С. Сәрсенбаевтың 90 жылдығына арналған Халықаралық дөңгелек үстел материалдары. / Г. Мутановтың редакциясымен. — Алматы: «Қазақ университеті», 2010. — 342 б.
- 14 Бердяев Н. О назначении человека. Опыт парадоксальной этики / Н. Бердяев. — М.: Амрита, 2019. — 460 с.
- 15 Ротницкий В.И. Онтогенез целполагания и становление нравственной личности / В.И. Ротницкий // Диалектика и этика / под ред. Ж.М. Абдильдина и Л.М. Архангельского.— Алма-Ата, 1983. — С. 320.
- 16 Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы: өлеңдер мен аудармалар. 1-ші т. / Абай Құнанбаев. — Алматы: Жазушы, 2002. — 296 б.

А. Сағиқызы, М. Шұршітбай, Д.М. Жаңабаева

Проблема нравственно-этического воспитания в казахской культуре

Вопрос нравственно-этического воспитания — одна из важнейших задач в современном обществе. В основе такого воспитания лежат духовные ценности национальной культуры. В статье с философской точки зрения раскрыты основы нравственно-этического воспитания в казахской культуре. Авторы обратились к историко-культурным корням, традициям и духовным ценностям народа, чтобы раскрыть сущность нравственно-этического воспитания. Воспитание — единственный инструмент, который может улучшить человека и общество. По мере того, как человек овладевает миром культуры, он начинает принимать различные идеи и идеалы, язык и порядок, принципы морали. Знания, добродетель, интеллектуальные качества, духовные ценности являются ключом к поиску своего места в обществе. Кроме того, были подробно рассмотрены вопросы образования, и дан обзор работ народных просветителей и интеллектуалов движения «Алаш», которые указали, что воспитание является основой формирования человеческих добродетелей, этики и идеалов.

Ключевые слова: культура, традиция, национальное воспитание, мировоззрение, этика, нравственность, ценности, духовность.

A. Sagikyzy, M. Shurshitbay, D.M. Zhanabaeva

The problem of moral and ethical education in Kazakh culture

